

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

ТУРАХАНОВА ЖАНАТ ЕРЛАНҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде сотқа дейінгі
тергеп-тексеруді бастаудың жеке проблемалары

7M12303 «Құқық қорғау қызметі» (ғылыми-педагогикалық бағыт) білім беру
бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі
дәрежесін алуға диссертация

Ғылыми жетекші:
арнайы заң пәндері
кафедрасының меңгерушісі
А.А. Ешназаров
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі

Қосшы қ., 2025 ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасындағы сотқа дейінгі тергеудің басталу тәртібінің теориялық және практикалық мәселелерін кешенді зерделеуге арналған. Қылмыстық процестің үш буынды моделі аясында тергеу, прокуратура және сот өкілеттіктерінің нақты ажыратылуы зерттеледі. Автор сотқа дейінгі тергеуді бастаудың негіздері мен рәсімдерін жетілдіру жолдарын ұсынады. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштер мен хабарламаларды тіркеу тәртібінің тиімділігіне ерекше назар аударылған. Зерттеу нәтижелері азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау және қылмыстық процестің заңдылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

РЕЗЮМЕ

Данное исследование посвящено комплексному анализу теоретических и практических проблем начала досудебного расследования в Республике Казахстан. В рамках трехзвенной модели уголовного процесса рассматривается четкое разграничение полномочий следствия, прокуратуры и суда. Автор предлагает пути совершенствования оснований и порядка начала досудебного производства. Особое внимание уделено эффективности регистрации заявлений и сообщений о преступлениях. Результаты исследования направлены на защиту конституционных прав граждан, обеспечение законности и транспарентности уголовного процесса.

SUMMARY

This research provides a comprehensive analysis of the theoretical and practical aspects of initiating pre-trial investigations in the Republic of Kazakhstan. Within the framework of the three-tier criminal process model, it examines the clear distribution of powers between investigation bodies, the prosecutor's office, and the court. The author proposes improvements to the grounds and procedure for initiating pre-trial proceedings. Particular attention is given to the efficiency of registering crime reports and complaints. The research aims to strengthen the protection of citizens' constitutional rights and ensure legality and transparency in criminal proceedings.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	5
1. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ РЕТРОСПЕКТИВАЛЫҚ ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
1.1 Қазақстан Республикасындағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қазіргі концепциясына ретроспективті талдау.....	9
1.2 ЭЫДҰ мүше кейбір мемлекеттердегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру.....	16
2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАСЫМЕН СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІҢ БАСТАЛУЫН РЕГЛАМЕНТТЕУ	
2.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың түсінігі мен мәні.....	24
2.2 Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептері.....	32
3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ БАСТАУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ	
3.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде сотқа дейінгі тергеп- тексерудің басталуының ұйымдастырушылық және рәсімдік жай-күйін талдау.....	41
3.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын регламенттеу бөлігінде Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын жетілдіру жолдары.....	47
ҚОРЫТЫНДЫ.....	55
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....	63
ҚОСЫМША.....	68

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҚПК	2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
ҚР ҚІЖК	1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі
ҚР ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Қазақ КСР	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ГФР ҚПК	Германия Федеративтік Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
РФ	Ресей Федерациясы
Швейцария ҚПК	Швейцария Қылмыстық-процестік кодексі
СДТБТ	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
АЕК	Ақпаратты есепке алу кітабы
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚР ӘҚБтК	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі

КІРІСПЕ

Жүргізілетін зерттеудің өзектілігі. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналды. Осы кезеңде мемлекеттік басқару жүйесі мен қоғамдық қатынастарда ауқымды өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реформалауды қажет етті.

Кезең-кезеңімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың негіздері мен шарттары қайта қаралды. Оның іс жүргізу тәртібі нақтыланды. Қылмыстық процестің барлық қатысушыларының құқықтары мен міндеттері айқындалды. Сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруге жауапты лауазымды тұлғалардың өкілеттіктері өзгерді.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында елдің адам құқықтарын қорғау деңгейін Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы елдерінің стандарттарына жақындату мақсаты қойылғаны атап өтіледі. Бұл үшін құқық қорғау және сот жүйесін одан әрі реформалау қажет.

Реформаның негізгі бағыты – қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу. Бұл модельде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, прокуратура және сот арасындағы өкілеттіктер нақты ажыратылады. Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізу рәсімдерін жеңілдету және қысқарту көзделген [1].

2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында сөз сөйледі.

Өз үндеуінде ол қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшу бойынша жұмысты бастауды тапсырды [2]

Реформаның басты мақсаты – қылмыстық процестің барлық қатысушыларының өкілеттіктерін нақты ажырату. Бұл тергеудің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кез келген істің сотқа дейінгі тергеуінің басталуы тек заңдық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызға да ие. Тергеушінің шешімі заңды және негізді болуы тиіс, себебі бұл азаматтардың қылмысқа қарсы күреске деген көзқарасына әсер етеді. Сондай-ақ, бұл қоғамның мемлекет пен құқық қорғау органдарына деген сеніміне ықпал етеді.

2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясында ел дамуының негізгі бағыттарының бірі ретінде қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын реформалау белгіленген. Бұл реформа қылмыстық сот төрелігі жүйесін жаңғыртудың негізі болады. Сонымен қатар, ол құқықтық жүйені қазіргі заманғы сын-қатерлерге сәйкес деңгейге көтеруге мүмкіндік береді [3,1 б.]

2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-процестік кодексі қабылданғаннан кейін сотқа дейінгі іс жүргізу айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Ең басты жаңашылдық – қылмыстық істі қозғау

кезеңінің жойылуы. Бұл сотқа дейінгі іс жүргізуді жеңілдетіп, қылмыстық процесті нақты кезеңдерге бөлуді қамтамасыз етті.

Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды есепке алу тәртібі өзгерді. Жаңа механизм бұрынғы жүйеден айтарлықтай ерекшеленеді.

Алдын ала тергеудің тиімділігі оның бастапқы кезеңіне тікелей байланысты. Осы кезеңде құқық қорғау органдары қылмысты «ізін суытпай» ашуы мүмкін. Олар айғақтарды анықтап, тіркеп, тәркілейді, сондай-ақ күдіктілерді ұстайды. Бұл кезеңде жиналған деректер жоғары дәлелдемелік маңызға ие. Өйткені жәбірленушілер мен куәлар оқиғаны жақсырақ есінде сақтайды, ал айғақтар әлі өзгеріске ұшырамаған.

Бұл кезеңде азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылу қаупі жоғары. Жәбірленушілердің өтініштері қараусыз қалуы мүмкін. Сондай-ақ адамдарды негізсіз қылмыстық қудалауға тарту жағдайлары орын алуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеудің нақты басталу уақыты күдіктілердің құқықтарын қорғау үшін маңызды [4].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді қабылдау және тіркеу рәсімі негізгі рөл атқарады. Бұл әсіресе посткеңестік елдер үшін өзекті. Мұнда қылмыс туралы өтініштерді жасыру тәжірибесі әлі де кең таралған. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері мұны жеке пайда немесе статистикалық мәліметтермен манипуляция жасау үшін жасайды.

Зерттеу тақырыбы өзекті, өйткені сотқа дейінгі тергеудің басталу тәртібі өзгерді. Бұл кешенді зерттеуді қажет етеді. Қылмыстық іс жүргізу нормаларын теориялық тұрғыдан түсіну және оларды қолданудың практикалық тәжірибесін талдау қажет.

Шешілетін ғылыми проблеманың қазіргі уақыттағы жағдайы. Қазақстан Республикасының қылмыстық сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу мәселелері әртүрлі ғалымдар тарапынан зерттелген. Олардың ішінде процессуалистер: А. Банчук, С.В. Бажанов, Л.М. Володина, С.Е. Вицин, Б.Я. Гаврилов, Н.В. Жогин, К.С. Мокляк, Д.А. Ширинских, Ф.Н. Фаткуллин, В.Н. Филатов және басқалар.

Бұл тақырыпты қазақстандық ғалымдар да зерттеген. Олардың қатарына С.Ж. Абдолла, М.А. Арыстанбеков, Т.С. Биндюкова, Б.Е. Исакова, М.Е. Қасымхан, М.С. Кемали, Г. А. Куаналиева, А.К. Кусаинова, И.Д. Меркель, Г.Г. Нубаева, Б.М. Нургалиев, К.К. Сейтенов, Б.Х. Толеубекова, А.Л. Хан және басқалар кіреді.

Зерттеу мақсаты – Қазақстандағы сотқа дейінгі тергеудің басталуын реттейтін қылмыстық процесс нормаларын зерттеу. Сондай-ақ олардың қолдану тәжірибесі талданып, проблемалар анықталады.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеу міндеттері келесідей қойылды:

- Қазақстан заңнамасы бойынша сотқа дейінгі тергеудің басталу ұғымы мен мәнін анықтау.
- Оны бастау негіздерін қарастыру.

- Ұйымдастыру және жүргізу тәртібін талдау.
- Осы мәселеге қатысты заңнаманы жетілдіру жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде сотқа дейінгі тергеудің басталуын реттейтін нормаларды қолдану барысында туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу тақырыбын Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу тәртібін реттейтін нормалар кұрайды. Бұл нормалар қылмыстық процестің бастапқы кезеңіндегі құқықтық тетіктерді айқындап, қылмыстық іс жүргізудің тиімділігі мен заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздерін жалпы ғылыми (талдау, синтез, аналогия), жеке ғылыми (статистикалық, социологиялық) және арнайы (салыстырмалы-құқықтық, формалды-заңдық) таным әдістерінің жиынтығы кұрайды.

Ғылыми жаңалықтың негіздемесі. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу тәртібінің құқықтық реттелуі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отырған қазіргі кезеңде, бұл мәселені кешенді ғылыми зерттеу қажеттігі артып отыр. Қылмыстық процестің үш буынды моделі аясында тергеу, прокуратура және сот арасындағы өкілеттіктерді нақты ажырату, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру – қазіргі қылмыстық әділеттіліктің өзекті міндеттеріне айналған.

Қорғауға шығарылатын ережелер:

1. ҚР ҚПК-нің 182-бабына келесі толықтыруларды енгізу:

«4. Басқа қылмыстар бойынша күдікті деп танылған адам өзіне тағылмаған қылмыс бойынша да кінәсін мойындай алады.

5. Кінәсін мойындау алдында адамға өзін және жақын туыстарын айыптамау құқығы, сондай-ақ қорғаушы шақыру құқығы түсіндірілуі тиіс.

6. Егер адам қазақ немесе орыс тілдерін білмесе, не мас күйде, есірткілік, уытқұмарлық әсерінде немесе ауру салдарынан өз құқықтарын түсіне алмаса, онда оның құқықтары аудармашының немесе қорғаушының қатысуымен түсіндіріледі. Бұл тергеу хаттамасында белгіленеді.»

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына енгізілетін өзгерістерді нақтылауды және олардың құқық қолдану практикасына ықпалын арттыруды мақсат ете отырып, келесі түзетуді енгізуді ұсынамыз.

— Қағидалардың 13-тармағындағы «9-11-тармақтарында көрсетілген себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты» деген тіркесті «қылмыстық қудалау органы лауазымды тұлғасының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты» деген сөздермен ауыстыру;

— Қағидалардың 8-тармағының бірінші абзацында «дереу» деген сөзді «24 сағат ішінде» деген сөздермен ауыстыру, ал екінші абзацында «24 сағат ішінде» деген сөздерді «үш тәулік ішінде» деген сөздермен ауыстыру;

— Қағидалардың 13-тармағында «дереу» деген сөзді алып тастап, «бірақ 24 сағаттан кешіктірмей» деген сөздерді «үш тәулік ішінде» деген сөздермен ауыстыру қажет.

3. ҚР ҚПК-тің 179-бабының бірінші бөлігіне төртінші бөлімін қосып, өзгерістер енгізу, жаңа редакциясы:

«Сотқа дейінгі тергеу қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш немесе хабарламаны Бірыңғай сотқа дейінгі тергеулер тізіліміне тіркеуден басталады. Кейбір жағдайларда тіркеу туралы шешім шұғыл тергеу әрекеттерінен кейін, қосымша мәліметтер мен қажетті құжаттарды алған соң қабылданады. Бұл үшін анықтау органының немесе тергеу бөлімінің бастығының келісімі қажет. Тергеудің басталғаны туралы прокурорға бір тәулік ішінде хабарланады».

Апробация және нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қылмыстық процесс пен криминалистиканы заң саласындағы жоғары оқу орындарында оқыту кезінде сенімді теориялық және әдістемелік материал бола алады. Сондай-ақ, олар тергеушілердің, анықтаушылардың, анықтау және тергеу органдары құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының, прокурорлардың, судьялардың және адвокаттардың бастапқы даярлық, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде пайдалы болуы мүмкін.

Негізгі ережелер мен тұжырымдар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалды және конференция материалдарының жинағында жарияланды.

Диссертациялық зерттеу материалдары Астана Халықаралық университетінің білім беру процесіне, сондай-ақ Астана қаласы Полиция департаменті «Есіл» ауданының полиция басқармасының практикалық қызметіне енгізілді [Қосымша 1].

1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеру тұжырымдамасының ретроспективалық талдауы және жекелеген шетел мемлекеттеріндегі ерекшеліктері

1.1 Қазақстан Республикасындағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қазіргі концепциясына ретроспективті талдау

Қазақ КСР-інің қылмыстық іс жүргізу заңнамасы сотқа дейінгі тергеу нысандарының ұлттық тұжырымдамасын қалыптастырудың негізі болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақ КСР-інің Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолдануды жалғастырды. Бұл кодекс 1997 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданғанға дейін қолданыста болды.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейінгі саяси және экономикалық реформалар қылмыстық процестің өзгеруімен қатар жүрді. Бұл өзгерістер кеңестік сотқа дейінгі тергеу моделін қабылдау және оны одан әрі жаңғыртумен байланысты болды.

Ұлттық қылмыстық-процесс саясатының маңызды артықшылығы – оның біртіндеп жүзеге асуы. Бұл өзгерістер күрт және қарама-қайшы сипат алмады.

Кеңестік сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының міндеттері мен өкілеттіктерімен анықталды. Сондай-ақ, тергеу нысандары, оның жалпы шарттары және негізгі қатысушылардың құқықтық мәртебесі маңызды рөл атқарды. Олардың қатарына жәбірленуші, күдікті және айыпталушы кіреді.

Біз қылмыстық процесс институттары мен олардың эволюциясы Қазақстан Республикасының сотқа дейінгі қылмыстық процесінің тұжырымдамалық негізін құрады деп санаймыз.

1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, сотқа дейінгі тергеу үш формада жүргізілді: алдын ала тергеу, анықтау және материалдарды хаттамалық рәсімдеу. Кодекстің 120-бабы алдын ала тергеу міндетті болып табылатын қылмыстық істер тізбесін белгіледі. Ал Кодекстің 116-бапта алдын ала тергеу міндетті емес істердің санаттары айқындалды. Кодекстің XXXV тарауы сотқа дейінгі материалдарды хаттамалық рәсімдеу тәртібін реттеді [5].

Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 83-бабына сәйкес қылмыстық істі қозғау және оны тергеу (анықтау немесе алдын ала тергеу түрінде) мына негіздер бойынша жүзеге асырылды:

1. Азаматтардың берген арыздары.
2. Кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан немесе лауазымды тұлғалардан түскен хабарламалар.
3. Қылмыс жасаған адамның өз еркімен мойындап келуі (кінәні мойындау).
4. Анықтау органдарының, тергеушінің, прокурордың немесе соттың қылмыстық іс қозғау туралы шешімі [5].

5. Кеңес дәуірінде Қазақстан заңнамасы сотты қылмыстық қудалау органдарының қатарына жатқызды. Бұл ерекше факт болып табылады.

6. Анықтау органдары материалдарды хаттамалық нысанда қылмыстық іс қозғамай-ақ дайындады. Қазақстан КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 393-бабына сәйкес, осындай материалдар бойынша қылмыстық істі сот қозғады.

Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес соттың қылмыстық істі қозғау құзыреті болды. Бұл оның қылмыстық қудалау органы ретіндегі мәртебесін растайды. Сот келесі жағдайларда қылмыстық іс қозғай алады:

- егер қылмыс бойынша айып тағылмаса (283-бап);
- егер қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған жаңа тұлғалар анықталса (284-бап);
- егер жалған куәлік беру, әдейі бұрмаланған аударма жасау немесе жалған сараптамалық қорытынды беру фактілері анықталса (285-бап) [5].

Қылмыстық іс жүргізу жүйесінде соттың қылмыстық қудалау саласындағы негізгі міндеті – қылмыстық істі қозғау рәсімін жүзеге асырумен шектеледі. Осыдан кейін қылмыстық істер тиісті тергеу органдарына немесе алдын ала тергеу жүргізу құзыретіне ие мекемелерге беріледі. Мұндай процессуалдық тәртіп заңнамалық логикаға сәйкес келеді, себебі кез келген қылмыстық іс сотқа қаралуына дейін міндетті түрде сотқа дейінгі тергеу кезеңінен өтуі тиіс. Бұл қылмыстық процестің аралас үлгісінің ерекшелігі болып табылады және ол Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу нысанымен үйлеседі.

Сотқа дейінгі тергеу қылмыстық процестің негізгі кезеңі – сот тергеуіне дайындық кезеңі ретінде алдын ала тергеу деп аталады. Тергеудің осы сатысын жүзеге асыру міндеті заңнамада нақты регламенттелген және оны жүргізетін субъектілер сотқа дейінгі тергеудің міндетті немесе міндетті еместігіне байланысты анықталады.

1. Егер қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу міндетті түрде жүргізілуі қажет болса, онда бұл процесс тергеушілердің құзыретіне беріледі. Тергеу функциясын орындайтын лауазымды тұлғалардың қатарына прокуратура органдарының тергеушілері, ішкі істер органдарының тергеушілері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушілері кіреді.

2. Егер алдын ала тергеу міндетті емес деп танылса, қылмыстық істі тергеу міндеті анықтау органдарына жүктеледі.

3. Ал егер сотқа дейінгі материалдарды хаттамалық рәсімдеу талап етілсе, бұл процессуалдық әрекетті де анықтау органдары жүзеге асырады.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеу қылмыстық іс жүргізудің құрылымдық элементі ретінде маңызды рөл атқарады. Оның жүзеге асырылу тәртібі мен субъектілерінің құзыреті заңнамалық тұрғыдан нақты белгіленген және қылмыстық процестің тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің VIII тарауы анықтау мен алдын ала тергеудің жалпы шарттарына арналған. Бұл санатқа процессуалдық

әрекеттер кіреді. Алайда қазіргі көзқарас тұрғысынан олардың кейбірі жалпы шарттарға жатпайды.

Осы тарауда мына мәселелерді реттейтін баптар қамтылған:

- азаматтық талап қою (100-бап);
- азаматтық талапты қамтамасыз ету (101-бап);
- мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету (102-бап);
- азаматтық талап пен мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары (103-бап);
- аудармашыны шақыру (105-бап);
- саңыраулар мен мылқаулармен түсінісе алатын адамды шақыру (106-бап);
- қылмыс жасады деп күдіктелген адамды ұстау (109-бап);
- күдіктілерді қысқа мерзімге ұстау тәртібі (109-1-бап).
- Осы тарауда 94-1-бап қамтылған, ол қылмыстарды ашуға жұртшылықты тарту сияқты кеңестік жүйеге тән элементті реттейді. Бұл норма, шамасы, мемлекет жариялаған халық билігі қағидатын жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен қатар, ол азаматтардың қылмыстық процеске нақты қатысуын қамтамасыз етуге немесе, ең болмағанда, оның көрінісін жасауға арналған болуы мүмкін.

Кеңестік қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттері Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 3-бабында айқындалған. Ал анықтау және алдын ала тергеу органдарының міндеттері 93-бапта бөлек бекітілген. Олар алдын ала тергеудің жалпы шарттарының бірі ретінде қарастырылды. Мұндай міндеттерге қылмысты ашу, қылмыс жасаған адамның жеке басын анықтау, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау, бекіту, зерттеу және бағалау кірді [5].

Кеңестік қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттері Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 3-бабында айқындалған. Ал анықтау және алдын ала тергеу органдарының міндеттері 93-бапта бөлек бекітілген. Олар алдын ала тергеудің жалпы шарттарының бірі ретінде қарастырылды. Мұндай міндеттерге қылмысты ашу, қылмыс жасаған адамның жеке басын анықтау, сондай-ақ дәлелдемелерді жинау, бекіту, зерттеу және бағалау кірді [5].

Заңның істің толықтығы, жан-жақтылығы және объективтілігі қағидатын қамтамасыз ету талабында белгілі бір ұқсастықтар бар. Бұл Қазақ ССР ҚІЖК-нің 15 және 94-баптарының атауларынан көрінеді [5].

Қазақ ССР ҚІЖК-нің 15-бабы іс бойынша барлық мән-жайларды жан-жақты зерттеу қағидатын бекітті. Осы бапқа сәйкес сот, прокурор, тергеуші және анықтау жүргізетін тұлға айыпталушыны айыптайтын да, ақтайтын да дәлелдерді анықтауға міндетті болды. Сонымен қатар, олар жауапкершілікті жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды да ескеруге тиіс еді [5].

Қазақ ССР ҚІЖК-нің 94-бабы тергеу мен алдын ала тергеудің жалпы шарты ретінде толықтық пен жан-жақтылық талаптарын белгілеген. Алайда, оның мәтінінде объективтілікке қойылатын талап көрсетілмеген. Баптың редакциясына сәйкес, тергеу жүргізетін тұлға істің барлық мән-жайларын анықтап, зерттеуге міндетті. Сондай-ақ, тергеуші істің материалдары негізінде ұсынылған нұсқаларды тексеруге тиіс еді. Бұл нұсқалар қылмыстың мәні мен сипаты, оның жасалу жағдайлары, оған қатысқан адамдар және олардың уәждері туралы болды [5].

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат 1994 жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен бекітілді.

Бағдарлама қылмыстық процесті реформалауды көздеді. Онда сот талқылауының бәсекелестік қағидасын күшейту қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ, жеке басының қол сұғылмаушылығын қорғау, азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу маңызды екені көрсетілді. Бағдарламада кінәсіздік презумпциясы және кәсіби заң көмегін алу құқығы бекітілді. Бұдан бөлек, құжатта артық процессуалдық формализмді қысқарту арқылы сот төрелігінің тиімділігін арттыру мақсаты қойылды [6].

1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыстық қудалау органдарының тізімін анықтады. ҚР ҚІЖК 7-бабының 14-тармағына сәйкес, оларға прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы және анықтаушы кірді. Сонымен қатар, ҚР ҚІЖК 76-бабында жеке айыптаушы ұғымы енгізілді. Жеке айыптаушы деп жеке айыптау ісі бойынша сотқа шағым түсірген және сотта айыптауды қолдайтын адам танылды. Сондай-ақ, мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда, айыптауды өз бетінше қолдайтын жәбірленуші де жеке айыптаушы бола алатын [7].

Алдын ала тергеу алдын ала тергеу нысанында жүргізуге құқығы бар тұлға – тергеуші болды. ҚР ҚІЖК 64-бабы 1-бөлігіне сәйкес, тергеушілер қатарына ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының және салық полициясының тергеушілері жатқызылды [7].

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі прокуратура органдарының тергеу жүргізуін қарастырмады. Осыған байланысты олардың штатында тергеушілер болмады [7].

Қазақ КСР-нің Қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі тәрізді, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексі алдын ала тергеудің дифференциясын белгіледі. Міндетті алдын ала тергеу жүргізілуі тиіс қылмыстық істер және алдын ала тергеу талап етілмейтін істер бөлінді. Хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі материалдарды дайындау қарастырылмады.

2009 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңымен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде ҚІЖК-ге 23-1 тарау қосылды, ол жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізуге арналды.

Жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша қолданылды. Сонымен қатар, ол ауыр қылмыстарға да қолданылуы мүмкін еді. Алайда, бұл үшін бірнеше шарт орындалуы қажет болды. Біріншіден, жиналған дәлелдемелер қылмыс фактісін растауы керек еді. Екіншіден, қылмысты жасаған тұлға анықталуы қажет. Үшіншіден, күдікті өз кінәсін мойындауы тиіс. Төртіншіден, ол дәлелдемелерге қарсы шықпауы керек. Бесіншіден, күдікті келтірілген зиянның сипаты мен мөлшерімен келісуі қажет. Бұл талаптар ҚІЖК-нің 190-1-бабының 1-бөлігінде бекітілген.

Қылмыстық істерді сотқа жылдам жолдауға жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу ықпал етеді. Мұндай пікірді Н.Р. Юрченко білдірді. Ол 2009 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен Қылмыстық іс жүргізу

кодексіне енгізілген жаңашылдықтар оң қабылданатынын атап өтті. Оның ойынша бұл өзгерістер тиісті санаттағы істер бойынша сот өндірісін жеделдетуге қабілетті [8].

ҚР ҚІЖК-ге енгізілген бұл жаңашылдықты қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді реформалаудың бастауы деп қарастыруға болады. Осы сәттен бастап Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіне «сотқа дейінгі тергеуді жеделдету» және «жеңілдету» ұғымдары енгізілді. Сонымен қатар, «тұлға дәлелдемелерге қарсылық білдірмейді» деген тұжырым пайда болды.

Келешекте «сотқа дейінгі тергеуді жеделдету» және «жеңілдету» ұғымдары «қылмыстық іс жүргізудегі үнемділік» деген жаңа терминнің қалыптасуына алып келеді.

1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі он жеті жыл бойы қолданылды. Қазақстан Республикасының 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында бұл Кодекс қылмыстық әділет жүйесін демократиялық және құқықтық мемлекет қағидаттарына негізінен сәйкестендіргені атап өтілді. Заң шығарушы қылмыстық-процестік заңды қалыптастыруды мақсат етті. Бұл заң Конституцияда бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тікелей қолданылуына негізделуі тиіс болды. Сондай-ақ, олар заңдардың мағынасын айқындап, әділ сотпен қамтамасыз етілуі қажет еді [9].

Тұжырымдама қылмыстық-процестік заңнамасын одан әрі жетілдіру қажеттілігін атап өтті. Заң шығармашылық қызметі аясында жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтарда заңды күшіне енді.

Жаңа кодекстің негізін көп жылдық, тіпті ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан қылмыстық іс жүргізу институттары құрады. Олардың кейбіреулері елеулі өзгерістерге ұшырады немесе толықтырылды.

Сонымен қатар, 2014 жылғы ҚР ҚПК республикадағы қылмыстық-процестік қызметке бірқатар жаңашылдықтарды енгізді. Бұл өзгерістер бұрын Қазақстанның қылмыстық процесінде де, Ресей империясының қылмыстық сот өндірісінде де қолданылмаған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысты мұндай жаңашылдықтарға жасырын тергеу әрекеттері, процестік келісім, куәлік беру мен қорғалуға құқығы бар куә институтын енгізу жатады.

ҚР ҚПК 189-бабына сәйкес, қылмыстық процесс үш түрде жүзеге асырылады: анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысан [10].

Хаттамалық нысанның енгізілуі – Қазақ КСР-нің Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қолданылған сотқа дейінгі материалдарды дайындау тәртібіне қайта оралу болып табылады.

Біз Н.А. Власованың ұстанымымен келісеміз. Ол хаттамалық нысанның көп жылдық тәжірибеде тиімділігін дәлелдегенін атап көрсетеді. Шағын ауырлықтағы қылмыстар бойынша жалпы тәртіптегі іс жүргізу тым күрделі

және көлемді. Бұл негізсіз шығындарға және процестің орынсыз күрделенуіне әкеледі [11].

ҚР ҚПК 526-баптың 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық туралы хаттаманы анықтау органы он күн ішінде жасайды. Бұл мерзім күдікті ретінде жауап алынған сәттен бастап есептеледі. Жауап алу осы Кодекстің 64-бабы 1-бөлігінің 4) тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Хаттама қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімі шегінде жасалады [10].

Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде жаңа құқықтық норма – процестік келісім енгізілді.

ҚР ҚПК 612-бабына сәйкес, осындай келісім аясында қылмыстық істерді тергеу екі түрде жүзеге асырылады:

1. Кінәні мойындау туралы мәміле. Бұл түрі жеңіл және орташа ауырлықтағы қылмыстарға, сондай-ақ ауыр қылмыстарға қолданылады. Мәміле жасау шарты – күдіктінің немесе айыпталушының тағылған күдікпен не айыппен келісуі.

2. Ынтымақтастық туралы келісім. Бұл келісім барлық санаттағы қылмыстарға жасалуы мүмкін. Оның негізгі талабы – қылмыстық топ жасаған, сондай-ақ басқа адамдар жасаған аса ауыр, экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеуге жәрдем көрсету [10].

Бірінші жағдайда заң шығарушы процессуалдық келісімді анықтау үшін «мәміле» терминін қолданады. Бұл оның мазмұнына толық сәйкес келеді. Азаматтық кодекске сәйкес, мәміле – бұл азаматтар немесе заңды тұлғалардың әрекеті. Ол азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған [12]. Күнделікті өмірде «мәміле» сөзі көбіне саудаласумен байланыстырылады. Бұл түсінік дұрыс, себебі кінәні мойындау туралы мәміле жасау кезінде іс жүзінде келіссөздер жүреді. Айыптау және қорғау тараптары келісім шарттарын талқылап, өзара ымыраға келуге тырысады.

Біз А.Н. Ахпановтың ұстанымын қолдаймыз. Ол Д. К. Канафинмен пікірталас жүргізе отырып, келесі ойды алға тартады. Ол «мәміле» терминін алып тастап, оның орнына «келісім» терминін қолдану ұсынысымен келіспейді. Мұндай ауыстыруды тек «мәміле» терминінің адамның кінәсін мойындау контексінде этикалық тұрғыдан дұрыс еместігімен түсіндіру жеткіліксіз деп санайды [13, 343 б].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 613-бабына сәйкес процессуалдық келісім кінәні мойындау туралы мәміле түрінде жасалуы мүмкін. Ол үшін келесі шарттар орындалуы қажет.

Біріншіден, күдікті немесе айыпталушы келісім жасауға өз еркімен ниет білдіруі тиіс.

Екіншіден, ол тағылған күдік пен айыптауға қарсы шықпауы керек. Сондай-ақ, қылмыстың жасалғанын, оның сипатын және келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдейтін айғақтарды мойындауы қажет.

Үшіншіден, жәбірленуші процессуалдық келісім жасасуға келісім беруі керек [10].

2017 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасының № 118-VI ЗРК Заңы қабылданды. Бұл заң құқық қорғау қызметінің сот өндірісі негіздерін реттейтін түрлі заңнамалық актілерге өзгерістер енгізді. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіне жаңа құқықтық ұғым – бұйрықтық іс жүргізу енгізілді. Осы өндірісті нормативтік реттеу үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне 13-1-бөлім қосылды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 629-1-баптың 2-бөлігіне сәйкес, осы Кодекспен көзделген тәртіппен қылмыстық теріс қылық пен онша ауыр емес қылмыстар қаралуы мүмкін. Бұл үшін келесі шарттар орындалуы тиіс:

Біріншіден, жинақталған дәлелдемелер қылмыстық құқық бұзушылық фактісін және оны жасаған адамның жеке басын анықтауы қажет.

Екіншіден, күдікті өз кінәсін дауламауы керек. Ол өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) саралануымен және келтірілген зиянның мөлшерімен келісуі тиіс.

Үшіншіден, құқық бұзушылық үшін негізгі жаза ретінде айыппұл қарастырылуы қажет. Сонымен қатар, қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан айыру мүмкін. Егер мұндай жаза көзделсе, оның мерзімі нақты белгіленуі тиіс [10].

Төртіншіден, күдікті істі бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтініш беруі керек. Жәбірленуші, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер (егер олар іске қатысатын болса) бұл тәртіпке келісім беруі тиіс. Бұл жағдайда дәлелдемелерді зерттеу, іс бойынша қатысушыларды шақыру және сот отырысына қатысу талап етілмейді [10].

Жеделдетілген және бұйрықтық іс жүргізу нысандарын алдын ала тергеу барысында қолдану қылмыстық процесті айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл нысандар қылмыстардың тез ашылуына және маңызды қылмыстық-процестік міндеттерін жедел шешуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, жеделдетілген және бұйрықтық іс жүргізу қылмыстық процестің шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Белгілі болғандай, тергеу жүргізу мемлекет үшін айтарлықтай қаржылық шығындарға әкеледі.

Аталған алдын ала тергеу нысандарын енгізудің бірнеше оң әсерлері бар:

- тергеу мерзімін қысқарту арқылы іс жүргізу үнемділігін арттыру;
- жәбірленушіге келтірілген зиянды тез өтеп, әлеуметтік әділеттілікті жедел қалпына келтіру;
- қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қолданылатын репрессивті шараларды азайту, бұл мемлекет жүргізіп отырған қылмыстық саясатты гуманизациялау бағытына толық сәйкес келеді.

Қазіргі таңдағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның диспозитивтілігінің күшеюі.

Біріншіден, кінәні мойындау туралы келісім жасау үшін жәбірленушінің келісімі қажет. Сондай-ақ, бұл талап бұйрықтық іс жүргізу түріндегі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында да сақталады.

Екіншіден, жеке-жария айыптау тәртібімен тергелетін қылмыстық құқықбұзушылықтардың тізімі едәуір кеңейді. ҚР ҚДЖК 1997 жылы мұндай құрамдардың санын 22 деп белгіледі. Ал ҚР ҚПК 2014 жылы олардың саны 43-ке дейін өсті.

Сонымен, қазіргі заманғы қылмыстық процесс тұжырымдамасы бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды. Бірінші бағыт – диспозитивтік қағидаларды кеңейту. Бұл қағидалар жекелеген шешімдерді қабылдау кезінде жәбірленушінің ерік білдіруін ескеруді көздейді. Екінші бағыт – сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жаңа нысандарын енгізу. Бұл нысандар процессуалдық үнемділікті қамтамасыз етеді және қылмыстық саясаттың репрессивті шараларын азайтады. Сонымен қатар, олар қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез ашуға және қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

1.2 ЭЫДҰ мүше кейбір мемлекеттердегі қылмыстық құқық бұзушылықтарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру

Шетелдік мемлекеттердегі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктерін талдамас бұрын, «тергеу» терминінің мәнін анықтау қажет. Бұл термин адамның ерекше қызмет түрін білдіреді. С. И. Ожегов сөздігіне сәйкес, кез келген қызмет өзара байланысты элементтер жиынтығынан тұрады және белгілі бір салада жүйелі күш-жігер жұмсауды көздейді [14, 407 б.].

Кез келген қызмет бірнеше элементтен тұрады: мақсат, объект (пән), субъект, құралдар және нәтиже.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу қызметіне қатысты бұл элементтерді келесідей сипаттауға болады:

1. Тергеудің мақсаты – қылмыс жағдайларын қылмыстық-процестік заңнамасының талаптарына сәйкес анықтау.

2. Тергеу объектісі – қылмысқа қатысы бар адамдардың заңсыз әрекеттері.

3. Тергеу субъектісі – заңға сәйкес қылмыстық іс бойынша тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлғалар.

4. Мақсатқа жету құралдары – қылмыстық-процестік заңнамасы, ол қылмыстық процесті жүргізу тәртібін реттейді.

5. Сотқа дейінгі тергеу нәтижесі – айыпталушыны сотқа беру немесе қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қорытынды құжат [15].

Осылайша, ұсынылған сотқа дейінгі тергеу құрылымы кез келген мемлекет үшін әмбебап болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеудің негізін дәлелдемелер құрайды. Олар қылмыстық оқиғаның барлық мән-жайларын анықтау үшін қажет.

Осыған байланысты қылмыстық істерді тергеу – дәлелдеу процесі болып табылады. Қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес, бұл процесс дәлелдемелерді жинау, зерттеу, бағалау және қолданудан тұрады.

А.Н. Васильев қылмыстық іс бойынша тергеуді қылмыстық оқиғаның барлық елеулі мән-жайларын айқындауға бағытталған қызмет ретінде қарастырады. Бұл қызметке қылмысқа қатысы бар тұлғаларды, олардың әрекеттерінде қылмыстық құрамның бар-жоғын анықтау жөніндегі іс-қимылдар кіреді, бұл өз кезегінде іс жүргізуді тоқтатуға негіз бола алады [16, 4 б.].

Біз В.Л. Хамизов ұсынған қылмыстарды тергеу анықтамасын қолдаймыз. Бұл анықтама дәлелдеу процесіне баса назар аударады. Осы анықтамаға сәйкес, қылмыстарды тергеу – тергеу бөлімшелері мен анықтау бөлімшелерінің қызметі. Оның мақсаты – қорытынды шешім қабылдау үшін жеткілікті дәлелдерді жинау. Мұндай шешім айыптау қорытындысын (актісін) жасау немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығаруды қамтиды. Тергеу қылмыс туралы хабарламаны тексеруден басталып, қорытынды процессуалдық құжатты жасаумен аяқталады [17, 246-250 б.].

Бұл анықтама посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің қылмыстық процесс құқығына сәйкес келеді. Бұл елдерде тергеуді тергеушілер мен анықтаушылар жүргізеді. Алайда, басқа мемлекеттерде тергеу жүргізуге уәкілетті тұлғалардың құрамы өзгеше болуы мүмкін. Мұндай жағдайларда бұл анықтама қолданылмауы мүмкін.

Алдын ала тергеуді талдау ең дамыған ЭЫДҰ елдерінде – Германия, Швейцария және Францияда жүргізіледі. Бұл мемлекеттер екі негізгі себепке байланысты таңдалды.

Біріншіден, олардың қылмыстық процесі континенттік модельге жатады. Бұл модельге Қазақстан Республикасының қылмыстық процесі де кіреді.

Екіншіден, осы елдердің заңнамасы Ресей империясының қылмыстық іс жүргізу құқығы үшін құқықтық бастау ретінде қолданылған. Кейін бұл құқықтық жүйе кеңес мемлекеті тарапынан қабылданып, дамытылды. Өз кезегінде, кеңестік қылмыстық процесс нормалары Қазақстан аумағына енгізілді.

ГФР қылмыстық іс жүргізу құқығының негізін құрайтын нормативтік актілер қатарына 1949 жылғы Федералдық Конституция, 1877 жылғы 1 ақпанда қабылданған Қылмыстық іс жүргізу кодексі (1987 жылғы 7 сәуірдегі және кейінгі өзгерістермен бірге) және өзге де заңнамалық актілер жатады. Атап айтқанда, бұл қатарға Сот жүйесі туралы заң мен Кәметке толмағандарға қатысты сот төрелігі жөніндегі заң да енеді [18, 98 б.].

Қылмыстық-процестік қатынастарын реттеуде Федералдық Конституциялық сот пен Жоғарғы федералдық соттың шешімдері маңызды рөл атқарады.

ГФР ҚПК бойынша тергеу субъектілері:

1. прокурорлар мен полиция (ГФР ҚПК §§ 152, 2-т.; 160, 1-т.; 163, 1-т., 1-ж.);
2. салық инспекциясы (салық құқық бұзушылықтары бойынша, ГФР Салық кодексі §§ 386, 1-2-т.; 399, 1-т.);
3. бас кеден басқармасы;
4. отбасыларға жәрдемақы төлеу жөніндегі ведомство;
5. федералдық Орталық салық ведомствосы (ГФР Салық кодексі §§ 404; 208, 1-т., 1-ж., № 1) [18, 100 б.].

Германияның қылмыстық процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен алдын ала тергеу жүргізіледі, ол анықтау түрінде жүзеге асырылады. Кейін прокурор айыптау актісін сотқа жіберу арқылы жария айыптауды қозғайды. Келесі кезең – айыпталушыны сотқа беру. Одан кейін сот талқылауы өтеді. Осыдан соң әлі заңды күшіне енбеген сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігі тексеріледі. Бұл тексеру апелляциялық немесе қайта қарау тәртібінде жүзеге асырылады. Соңғы кезең – жаңа ашылған мән-жайларға байланысты істерді қайта қарау.

ГФР -ның қылмыстық процесінің кезеңдері Қазақстандағы кезеңдерден біраз айырмашылығы бар.

Біріншіден, неміс қылмыстық процесінде алдын ала тергеу сатысы жоқ. Оның орнына тек сотқа дейінгі тергеу (анықтау) қарастырылған, ол алдын ала тергеудің міндеттерін атқарады.

Екіншіден, «мемлекеттік айыптауды прокурордың айыптау актісін сотқа жіберу арқылы қозғауы» деген тұжырымға назар аудару қажет. Бұл формулировка айыптау процесінің айыптау актісін құрастырумен шектелмейтінін көрсетеді. Керісінше, бұл құжат сот талқылауын бастайды, оның барысында айыптау қаралып, түпкілікті шешім шығарылады.

ГФР -ның ҚПК-де анықтау органдарының тізімі көрсетілмеген. Алайда, оларды қазақстандық тәсілге сүйене отырып, қылмыстық-процестік заңнамасын талдау арқылы анықтауға болады. Мұндай органдарға жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтармен айналысатын полиция, салық инспекциясы, бас кеден басқармасы, отбасыларға жәрдемақы төлеу басқармасы және Федералдық салық орталық басқармасы жатады.

Германияның қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасының өзіндік ерекшелігі бар. Салық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік мәселелері мен оларды анықтау кезіндегі лауазымды тұлғалардың әрекеттері ГФР Салық кодексінің нормаларымен реттеледі. Егер ГФР ҚК мен Салық кодексінің нормалары арасында қайшылық туындаса, «*lex specialis derogat lex generalis*» қағидаты қолданылады. Бұл арнайы нормаларға, яғни Салық кодексінің ережелеріне басымдық берілетінін білдіреді [18, 98 б.].

Салықтық құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тергеуді қаржы органдары да жүргізе алады, және В.В. Седелкинаның зерттеуіне сәйкес Германияның Салық кодексінің § 386 1-тармағында көрсетілген. Мұндай органдарға мыналар жатады:

1. Бас кеден басқармасы (Hauptzollamt);

2. Федералдық салықтық-қаржылық басқармасы (Finanzamt);
3. Федералдық салық қызметі (Bundeszentralamt für Steuern);
4. Отбасылық жәрдемақы төлеу басқармасы (Familienkasse) [18, 98-103 б.].

Қаржы саласындағы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары прокуратураның тергеушілерімен бірдей процессуалдық құқықтар мен міндеттерге ие, бұл олардың қылмыстық іс жүргізу шеңберіндегі өкілеттіктерінің тең дәрежеде жүзеге асырылатынын көрсетеді. Мұндай құқықтық жағдай ГФР Салық кодексінің 399-параграфында нақты айқындалған. Сонымен қатар, кедендік және салықтық тергеу полициясының қызметкерлері полиция органдарының қызметкерлерімен бірдей өкілеттіктерге ие екені 404-параграфта көзделген [18, 98-103 б.].

ГФР ҚПК-нің ережелеріне сәйкес, алдын ала тергеу тергеу формасында барлық қажетті материалдарды жинауды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл прокурордың жария айып тағу туралы шешім қабылдауы үшін қажет (ГФР ҚПК-нің § 160, 1-бөлім) [18, 98-103 б.].

Л.В. Головкиның айтуынша, Германияның қазіргі қылмыстық-процестік моделінде прокуратура тергеу процесінің басты органы болып табылады. Ол алдын ала тергеуге басшылық етеді, оны әдетте полиция жүргізеді, және адамды айыпталушы ретінде тарту туралы шешім қабылдайды. Процестік билік толықтай прокурордың қолында шоғырланған, ол тергеу процесін басқарады. Осыған байланысты тергеуші прокурорға бағынышты лауазымды тұлға ретінде әрекет етеді [20, 18-28 б.].

Бұл ереже Қазақстанның қылмыстық процесіндегі прокурордың қазіргі процессуалдық мәртебесімен көп жағдайда сәйкес келеді. Қазіргі уақытта айыптау құқығы тек прокурорға ғана тиесілі.

Бізге алдын ала тергеудің неміс үлгісі де түсінікті. Бұл қылмыстық-процестуалдық нормалардың ұқсастығымен түсіндіріледі. Германияда полиция офицерлері дәлелдерді прокурордың нұсқауы бойынша жинайды (ГФР ҚПК-нің § 161).

Швейцарияның қылмыстық процесі, Қазақстан және басқа посткеңестік елдердегі сияқты, үш негізгі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – алдын ала тергеу, екінші кезең – сот ісін жүргізу, үшінші кезең – істі қайта қарау.

2007 жылғы Швейцарияның Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес, сотқа дейінгі кезең тергеу және алдын ала тергеуден тұрады. Швейцария ҚПК-нің 299-бабының 1-тармағына сәйкес, алдын ала тергеп-тексеру (das Vorverfahren) екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – полиция тергеуі (die Ermittlungsverfahren der Polizei), екінші кезең – прокуратура жүргізетін алдын ала тергеу (die Untersuchung der Staatsanwaltschaft) [21, 159 б.].

Анықтау – бұл қылмыстық процестің бастапқы тергеуінің бір бөлігі болып табылатын полиция тергеуі. Оның барысында полиция қылмысқа қатысты бастапқы күдікті тексереді немесе прокурордың тапсырмасын орындайды. Анықтау барысында істің тиісті мән-жайлары бойынша

материалдар жиналады, олар кейіннен айыптаудың негізі болуы мүмкін (Швейцария ҚПК 306-бабы).

Алдын ала тергеу – бұл қылмыстық процестің кезеңі, онда прокуратура істің мән-жайлары мен айыпталушылардың жеке байланыстарын зерттейді. Бұл процесс іс жабылғанға дейін немесе айып тағылғанға дейін жалғасады (Швейцария ҚПК 308-бабы) [21, 159 б.].

Осы баптардың мазмұнына сәйкес, Швейцарияда анықтау мен алдын ала тергеу қылмыстық процестің бірізді және дербес кезеңдері болып табылады.

Л.В. Головкиның пайымдауынша, аталған мемлекетте алдын ала тергеу екі негізгі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде қылмыстық құқық бұзушылық туралы бастапқы ақпаратты жинау және талдау мақсатында анықтау әрекеттері жүзеге асырылады. Бұл кезеңде құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғауға қажетті алғышарттардың бар-жоғын анықтайды. Анықтау нәтижелеріне сүйене отырып, прокурор тергеуді бастау немесе оны қозғаудан бас тарту туралы процессуалдық шешім қабылдайды. Бұл шешімнің құқықтық маңызы посткенестік кеңістіктегі елдерде қолданылатын қылмыстық іс қозғау туралы қаулымен мазмұндық тұрғыдан ұқсас. Алайда, басты айырмашылық – прокурордың тергеу жүргізудің заңдылығы мен негізділігін алдын ала бағалау құқығында. Егер жинақталған материалдарда жеткілікті дәлелдемелік негіз болмаса, прокурор тергеу жүргізуді бастау туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартады [20, 200 б.].

А.А. Трефиловдың пайымдауынша, Швейцария ҚПК-сіне сәйкес анықтау қылмыстық процестің алғашқы сотқа дейінгі сатысы болып табылады. Бұл кезеңде полиция прокуратурамен өзара әрекеттесе отырып, шектеулі процессуалдық дербестікке ие. Полицияның басты міндеті – дәлелдемелер жинау. Жиналған материалдарға сүйене отырып, прокуратура келесі екі шешімнің бірін қабылдайды:

а) алдын ала тергеуді бастау;

б) одан бас тарту, бұл шешім жаза тағайындау туралы бұйрық шығарумен немесе онсыз қабылдануы мүмкін [21, 11 б.].

Полиция қылмысқа қатысты бастапқы күдігін тексере алады немесе прокурордың тапсырмасын орындайды. Алайда негізгі өкілеттіктер прокурордың қолында болады. М. Питтің пікірінше, «полиция енді қылмыстық процесті жүзеге асыратын органға (прокуратураға) қатысты көмекші мекеме болып табылады» [21, 60 б.]. Осылайша, полиция тексеру және анықтау кезеңдерінде белгілі бір дербестікке ие. Алайда алдын ала тергеу сатысында оның рөлі прокурорға көмек көрсетумен шектеледі.

Швейцарияда полиция екі түрге бөлінеді: криминалдық полиция (die Kriminalpolizei) және қоғамдық қауіпсіздік полициясы (die Sicherheitspolizei) [22, 58 б.]. Мұндай жіктеу олардың функционалдық міндеттеріне байланысты.

Швейцариялық құқықтық доктринаға сәйкес, қоғамдық қауіпсіздік полициясының негізгі функциясы құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын жүзеге асыру болып табылады. Бұл орган қылмыстың орын алуына жол бермеу мақсатында түрлі профилактикалық тетіктерді қолданады,

құқықтық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту бағытында жұмыс атқарады. Ал криминалдық полицияның қызметі өз сипаты бойынша өзгеше болып табылады және негізінен қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеруге, олардың мән-жайын жан-жақты зерттеуге бағытталған. Бұл құрылым қылмыс фактісін анықтау, дәлелдемелер жинау және құқық бұзушылықты жасаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту секілді процестермен айналысады. Сонымен қатар, криминалдық полиция өз қызметінің жанама әсері ретінде қылмыстың алдын алу ісіне ықпал етеді. Қылмысты тергеу барысында жиналған мәліметтер мен талдау нәтижелері болашақта қылмыстың қайталану қаупін төмендету мақсатында құқық қорғау органдарының алдын алу стратегияларын жетілдіруіне негіз болады. Осылайша, швейцариялық модельде қоғамдық қауіпсіздік полициясы мен криминалдық полицияның функциялары нақты бөлінгенімен, олардың қызметтері бір-бірімен өзара байланысып, қылмыстың алдын алу және оны ашу бағытында кешенді механизм ретінде әрекет етеді [24, 17 б.].

Осылайша, сотқа дейінгі тергеу криминалдық полицияның құзыретіне жатады.

Швейцариялық ғалымдардың көпшілігі құқықтық дәстүрлерге және 2007 жылғы Қылмыстық-процестік кодексіне сүйене отырып, полиция тек дәлелдемелерді бастапқы жинау, анықтау және сақтау жұмыстарын жүргізетінін, сондай-ақ кейінге қалдыруға болмайтын шараларды қабылдайтынын атап көрсетеді.

Белгілі бір тұлғаға қатысты күдік күшейген кезде, яғни Швейцария ҚПК-нің 309-бабына сәйкес оның дәрежесі «жеткілікті» деп танылғанда, тергеу құзыреті дереу прокуратураға берілуі тиіс [24, 954 б.].

Құқық қолдану тәжірибесін талдау көрсеткендей, Швейцарияда сотқа дейінгі тергеу процесінде негізгі субъект прокурор болып табылады. Ал полиция мен басқа да атқарушы органдар көмекші рөл атқарады, олардың басты міндеті – айыптауды негіздеу үшін қажетті дәлелдемелерді жинау. Бұл қағида Швейцария ҚПК-нің 16-бабында нақты көрсетілген.

Францияның қылмыстық-процестік құқық бірнеше негізгі құжаттарға негізделеді. Оларға 1789 жылғы Адам және азамат құқықтары туралы декларация, 1958 жылғы Франция Конституциясы және 1959 жылғы Қылмыстық-процестік кодексі жатады [25, 75 б.].

Алдын ала тергеудің түрі қылмыстық құқық бұзушылықтың санатына байланысты. Франция заңнамасы оларды үш топқа бөледі: қылмыстар, теріс қылықтар және құқық бұзушылықтар.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру құқық бұзушылықтың санатына қарамастан тергеуден басталады. Егер жеткілікті негіздер болса, прокурор теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтар бойынша да қылмыстық қудалауды бастай алады.

Францияның қылмыстық процесінің ерекшелігі – алдын ала тергеуді тергеу судьясының жүргізуі. Қылмыстық іс қозғалғаннан кейін прокурор оны

тергеу судьясына бере алады. Тергеу аяқталған соң судья істі прокурорға танысуға жібереді. Кейін іс ассиздер сотына беріледі [25, 75 б.].

Францияда сотқа дейінгі тергеп-тексеру екі түрде жүзеге асырылады: анықтау және алдын ала тергеу. Анықтау – қылмыстық процестің дербес кезеңі болып табылады [19, 20 б.].

Тергеу судьясы тергеуге тек прокурордан материалдар алғаннан кейін ғана кіріседі. Ол прокурордың талабы болмаса, істі өз бетінше бастай алмайды.

Анықтау жария айыптауды қозғауға және алдын ала тергеу жүргізуге негіз бола алады.

Осылайша, Францияның қылмыстық іс жүргізу жүйесінде процестік функциялардың нақты бөлінуі қамтамасыз етілген. Атап айтқанда, анықтау функциясын полиция жүзеге асырады, қылмыстық қудалауға прокурор жауапты, ал алдын ала тергеу жүргізу құзыреті тергеу судьясына берілген. Өз кезегінде сот билігінің негізгі міндеті – әділ сот төрелігін жүзеге асыру.

В.В. Ханнның пікірінше, Францияның қылмыстық іс жүргізу моделінде тергеу функциясы дәстүрлі түрде қылмыстық қудалау органдарының құзыретіне жатқызылмайды. Керісінше, ол сот жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын тергеу судьясына жүктеледі. Мұндай тәсіл тергеудің бейтараптығын қамтамасыз етуге, айыптау мен қорғау функциялары арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған. Мұндай тәсіл судьялардың тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыстық қудалау мен тергеу функцияларын бөлу прокурордың сот тергеушісінің қызметіне араласуына жол бермейді. Себебі тергеу нәтижелері қылмыстық қудалауды қозғауға негіз болған құқықтық және фактілік дәлелдерден едәуір айырмашылыққа ие болуы мүмкін [26, 399 б.].

Францияда тергеудің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл елде әкімшілік жауапкершілік институтының жоқтығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты хаттамалық тергеу формасы Қазақстан Республикасының және посткеңестік кеңістіктегі басқа мемлекеттердің қылмыстық-процестік заңнамасында көзделген тергеуге балама бола алмайды. Алайда, Франциядағы хаттамалық тергеудің кейбір материалдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық материалдарына сай келуі мүмкін.

Құқық бұзушылық туралы істер бойынша тергеу міндетті кезең болып табылмайды. Бұл кезеңде прокурордың қылмыстық қудалауды бастау туралы шешім қабылдауына қажет материалдар жиналады.

Францияда тергеу органдары қылмыстарды жедел ашумен айналысады. Олар күдіктілерді іздестіреді және шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізеді. Жиналған материалдар негізінде құқықтық бағаны прокурор береді.

Кейбір жағдайларда тергеуді полициядан басқа мэрлер мен олардың көмекшілері жүргізуі мүмкін. Сондай-ақ бұл функцияны дала қорғаушылары, орман күзетшілері және басқа да кейбір лауазымды тұлғалар атқарады [25, 73-80 б.].

Француздық қылмыстық процесте төрт тергеу түрі бар. Л.В. Головкиның анықтамасы бойынша, олар: айқын құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды тергеу, бастапқы тергеу, күмәнді өлімді тергеу және жеке басын тексеру [19, 20 б.].

ЭЫДҰ елдерінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді реттеу кейбір айырмашылықтарға ие. Бұл айырмашылықтар ұлттық ерекшеліктермен қатар, ҚР ҚПК нормаларымен де сәйкес келе бермейді. Қазақстан қылмыстық процесі үш буынды модельге толығымен көшу жолында. Осыған байланысты шетелдік тәжірибенің ең қолайлы нұсқасын анықтау маңызды. Әсіресе, сотқа дейінгі тергеу субъектілерін заңнамалық тұрғыдан айқындау мәселесіне назар аудару қажет. Сондай-ақ, қылмыстық қудалау органдарында ҚР ҚПК-нің 60-бабында көзделген тергеуші лауазымына толық сәйкес келетін жеке субъект жоқ екенін ескеру қажет.

2 Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасымен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын регламенттеу

2.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың түсінігі мен мәні

Қылмыстық саясат қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіруді қамтиды. Ол қылмысқа ықпал ету шараларының, негізгі бағыттарының, құралдары мен нысандарының кешенін білдіреді. Құқықтық ықпал ету мемлекеттің өкілеттіктері арқылы жүзеге асырылады. Заңнаманың тиісті салалары бір жүйенің элементтері бойынша өзара келісілуі керек. Мемлекеттің тиімді қылмыстық саясаты қылмыстық сот ісін жүргізудің оңтайлы моделін қажет етеді.

Қазақстан Республикасында қазіргі құқықтық жүйенің қалыптасуы мен орнығу үдерісі бірқатар стратегиялық құжаттардың қабылдануымен тығыз байланысты. Бұл үдерістің бастапқы кезеңі 1994 жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасынан бастау алады. Аталған бағдарлама ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқындап, құқықтық мемлекеттің іргетасын қалауға бағытталған алғашқы кешенді құжат болды.

Кейіннен құқықтық реформаларды одан әрі жетілдіру мақсатында 2002 жылғы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасының 2002–2009 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжат құқық салаларын жүйелі реформалаудың қағидаттарын белгілеп, заңнаманы жетілдіру, құқық қолдану тәжірибесін оңтайландыру және құқық қорғау органдарының қызметін реформалау бойынша негізгі бағыттарды нақтылады.

Осы стратегиялық құжаттың жалғасы ретінде 2009 жылғы 24 тамызда Қазақстан Республикасы Президентінің 2010–2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлығы қабылданды. Бұл құжаттың шеңберінде сот және құқық қорғау жүйесін одан әрі реформалау, заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Құқықтық саясаттың ұзақ мерзімді стратегиясын қалыптастыру аясында 2021 жылғы 15 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасы бекітілді. Бұл құжат құқықтық жүйені халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, қылмыстық әділет жүйесін жаңғырту, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізу салаларын дамыту сияқты басым бағыттарды қамтиды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі дәйекті реформалар арқылы қалыптасып, әр кезеңде қабылданған стратегиялық құжаттар құқықтық мемлекеттің негізін нығайтуға және ұлттық заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Қылмыстық-процестік заңнамасын реформалаудың алдағы процесінің оң сипатын айта отырып, оның мазмұнын айқындайтын жайттарға назар аударамыз:

1) қылмыстық-процестік құқықтың нормалары белгілі бір жүйені білдіреді, сондықтан олардың өзгерістері мен толықтырулары жүйелі сипатта болуы керек. Қылмыстық-процестік құқықтың өзі қылмыстық сот төрелігінің біртұтас жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатынын ескеру маңызды;

2) заңдағы барлық өзгерістердің біртұтас, нақты белгіленген және саяси негізделген мақсаты болуы керек;

Қылмыстық-процестік даму ерекшеліктерінің бірі – құқықтық интеграция. Себебі, мемлекеттер қылмыстық сот төрелігі, оның ішінде адам құқықтарын қорғау және қылмыстық сот ісін оңтайландыру саласындағы ұқсас мәселелерді шешуде. Дегенмен, ұлттық заңнаманы үйлестіруге деген ұмтылысқа қарамастан, қылмыстық процестің өзіндік мәдени-тарихи үлгісін сақтау және дамыту қажеттілігін ескеру маңызды.

Заңның барлық аталған және маңызды жаңалықтарына қарамастан, оның адам құқықтары мен әділ қылмыстық сот ісін жүргізудің халықаралық стандарттарына сәйкестігі контекстінде елеулі және сапалы өзгерістер туралы айту, өкінішке орай, мүмкін емес.

Сотқа дейінгі тергеп — тексеру Мемлекеттік қызметтің негізгі саласы болып табылады, оның барысында бір жағынан қылмыс жасаған адамдарды қылмыстық қудалау жүргізіледі, ал екінші жағынан-қылмыстық әрекеттерден зардап шеккендердің заңды құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық қатерлерден қорғау қамтамасыз етіледі.

Сондықтан сотқа дейінгі тергеудің тұжырымдамасы мен мәнін түсіну өте маңызды.

Бұған дейін, 1997 жылғы ҚР ҚІЖК сәйкес, бүкіл кеңестік кезеңдегідей, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қылмыстық іс қозғау сатысында болған.

М.С. Кемали сотқа дейінгі тексеру кезеңінде заңдылық қағидаты бұзылатынын атап өтті. Бұған қылмыс туралы арыздар мен хабарламаларды тексеру тәртібінің заңнамалық тұрғыда жеткілікті реттелмеуі себеп болды. [27, 74 б.].

С.В. Бажановтың пікірінше, сотқа дейінгі тексеруді тергеумен теңестіруге болады. Оның барысында азаматтардың конституциялық құқықтары мен Қылмыстық іс жүргізу кодексінің нормалары бұзылуы мүмкін [28, 52 б.].

С.Е. Вицин сотқа дейінгі тексеруді құқықтық негізі әлсіз квазисоттық рәсім ретінде сипаттады. Оның пікірінше, бұл жүйе кеңестік қылмыстық процестен қалған элемент болып табылады [29, 54-56 б.].

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бірінші орынбасары И. Д. Меркель сотқа дейінгі тексеруді алып тастауды қолдады. Ол мұндай

тексерудің мерзімдерді негізсіз ұзартатынын және тергеу әрекеттерін қайталайтынын атап өтті [30].

Қазіргі уақытта бұл кезең жойылды. Қазақстанда қылмыстық процестің тұтас бір сатысы жойылды ма, әлде ол басқа сатыға ауыстырылды ма? Бұл сұраққа жауап беру үшін қылмыстық процестегі «саты» ұғымының заңнамалық түсінігін қарастыру қажет.

Қылмыстық процестің сатысы – бұл іс жүргізудің бірізді кезеңдері. Әрбір саты бірнеше кезеңдерден тұруы мүмкін [31,125 б.].

К.Ф. Гуценконың пікірінше, қылмыстық процесте дәстүрлі түрде сегіз саты бар, олардың бесеуі жалпы сипатқа ие:

1. қылмыстық іс қозғау;
2. алдын ала тергеу (анықтау және тергеу);
3. сот отырысын тағайындау;
4. сот талқылауы;
5. кассациялық өндіріс.

Сонымен қатар, екі ерекше саты қарастырылады: 6) қадағалау тәртібіндегі өндіріс; 7) жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өндіріс [32, 28 б.].

2001 жылы Ресейде «РФ Қылмыстық іс жүргізу кодексін енгізу туралы» заң қабылданғаннан кейін қылмыстық процеске тағы бір саты – апелляциялық өндіріс қосылды. Осылайша, қазіргі РФ ҚПК-де тоғыз саты қарастырылған [33, 697 б.].

2014 жылға дейін қылмыстық процестің сатылары Ресей мен Қазақстанда ұқсас болды. Алайда, жаңа ҚПК қабылданғаннан кейін Қазақстанда елеулі өзгерістер орын алды.

Қылмыстық сот өндірісі нақты сатыларға бөлінеді. Олардың арасындағы байланыс үздіксіз: әрбір алдыңғы саты келесісінің негізін қалайды. Әрбір саты келесі төрт негізгі белгіге ие:

- белгілі бір процессуалдық міндеттер;
- қатысушылардың нақты құрамы;
- процессуалдық әрекеттердің реті және олардың ерекшеліктері;
- қорытынды процессуалдық шешімдер.

Бұл белгілерді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу кезеңіне қолдансақ, оның басты міндеті – қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын анықтау екенін көреміз.

Қатысушылар шеңберін анықтау маңызды. Күдікті, айыпталушы, сотталушы (сотталған немесе ақталған тұлға) – бір адам, бірақ әртүрлі процессуалдық мәртебеде. Оның құқықтық мәртебесі іс жүргізудің әр кезеңінде өзгеріп отырады. Осы өзгеріс процестің сатыларға бөлінуінің өлшемі болуы мүмкін.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы кезеңі өтініштерді қабылдау және тіркеуге байланысты процессуалдық рәсімдерді қамтиды. Бұл рәсімдер ҚР Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес реттеледі [46].

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінің аяқталуы – құқық бұзушылық туралы өтініштердің СДТБТ-ге тіркелуі болып табылады. Бұл алдын ала тергеудің басталуын білдіреді. Егер қылмыс белгілері анықталмаса, материалдар номенклатуралық іске енгізіледі.

Кез келген қызметтің басталуы мен аяқталуы болады. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы тек процессуалдық әрекеттердің іске қосылуымен шектелмеуі керек. Ол заңда белгіленген нақты шешіммен аяқталуы тиіс.

ҚР ҚПК 179-бабының 1-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркеу не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурорға хабарланады [10].

Көрсетілген нормалар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын регламенттеуді неғұрлым дамыған шет мемлекеттердегі қылмыстар туралы арыздар мен хабарларға ден қоюдың процессуалдық тәртібіне жақындатады.

Мәселен, М.Е. Қасымхан халықаралық тәжірибені зерделей отырып, көптеген шет елдерде қылмыстық істі бастау туралы шешім қабылдау қажеттілігі туындамайтынын атап көрсетеді. Қылмыс жасағаны туралы алғашқы ақпаратты ала отырып, органдар шұғыл тергеу іс-қимылдары рәсімінің (Австрия ҚПК) көмегімен дәлелдемелер жинауға кірісуге, жауап алу, алу, тінту және өзге де кідіріссіз әрекеттерді (Германия ҚПК) жүргізуге құқылы. АҚШ-тың қылмыстық процестік практикасы қазақстанның тәртібіне ұқсас, себебі күдіктіден жауап алу, қамауға алу және дәлелдеме жинаудан басқа да тергеу әрекеттеріне негіздеме үшін қылмыс туралы ақпаратты тіркеу қажет, бұл қылмыстық іс бойынша одан әрі процесті жүргізу үшін негіз болып табылады [34, 97 б.].


Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы заң шығарушының қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркеуді не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекетін айқындайтын мән-жайын ескере отырып, дәл осы әрекеттер заңда көзделген қылмыстық-процестік қызметті іске қосу функциясын орындайтынын мойындау керек.

Өздеріңіз білетіндей, адамның кез-келген іс-әрекетінің бастапқы және соңғы нүктелері бар. Басқаша айтқанда, сотқа дейінгі тергеудің басталуы тек реттелетін қылмыстық-процестік қызметтің басталуымен шектелмеуі керек. Ол заңға сәйкес аяқталуы керек.

Мысалы, Б.Х. Төлеубекова сотқа дейінгі тергеп-тергеудің басталуын қылмыстық процестің бірінші сатысы ретінде қарастырады [35, 29 б.].

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын көрсетілген автордың позициясынан қарайтын болсақ, онда осы кезеңнің соңы СДТБТ-да тіркелген өтініш немесе хабарлама бойынша шешім қабылдау болады.

Нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тергеудің басталу кезеңін келесі (1-сурет) түрінде ұсынуға болады:



1-сурет. Сотқа дейінгі тергеудің басталу кезеңдері

Егер Б.Х. Төлеубековамен келісе отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын қылмыстық процестің дербес кезеңі деп танитын болса, онда бұл жағдайда жоғарыда ұсынылған схемада көрсетілгендей, өтінішті немесе хабарламаны СДТБТ-не тіркеу қаралатын кезеңнің бірінші кезеңі ғана болып табылады.

Алайда, ҚР ҚПК 179-бабының 1-бөлігінің мағынасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректерді анықтау мақсатында бастапқы ақпаратты тексеру және істі қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау сияқты кезеңдер сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы сатысынан тыс болып табылады.

Бұл заң шығарушының сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін белгілеуі қылмыстық іс жүргізу қағидаттарына толық сәйкес келеді. Бұл ереже тергеп-тексерудің тиімділігі мен заңдылығын қамтамасыз етуге бағытталған. ҚР ҚПК 192-бабының 2-бөлігінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін есептеу тәртібі нақты айқындалған. Аталған нормаға сәйкес, тергеп-тексеру мерзімі арыз немесе хабарлама СДТБТ-ге тіркелген сәттен бастап есептеледі және қылмыстық іс бойынша соңғы процестік шешім қабылданғанға дейін жалғасады. Бұл тәсіл тергеп-тексеру кезеңінде іс жүргізудің бірізділігі мен айқындығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қылмыстық процестің барлық

субъектілері үшін процестік әрекеттердің шекті мерзімдері мен олардың орындалу ретін нақты белгілейді.

Басқаша айтқанда, қылмыс туралы арызды немесе хабарламаны тіркегеннен кейін бірден жүргізілетін барлық әрекеттері ҚР ҚПК көздеген сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандарының бірінде жүзеге асырылатын алдын ала тергеу сатысына жатқызылуы тиіс.

Сонымен қатар, ҚР ҚПК-нің 179-бабының 2-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеудің басталуы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды немесе хабарламаны СДТБТ-ға тіркеу ғана емес, сонымен қатар алғашқы кезек күттірмейтін тергеу әрекетін жүргізу болып табылады.

ҚР ҚПК-тің алғашқы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттеріне: жауап алу (209 - баптың 2-бөлігі); тексеру (220-баптың 1-бөлігі); тінту және алу (254-баптың 3-бөлігі), сондай-ақ 232-баптың 3-бөлімінде көзделген екі жасырын тергеу әрекеттері (адамды немесе орынды жасырын аудио-және (немесе) бейнебақылау; электрлік (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап алу және алу). Бұл тергеу әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына осындай себеп тіркелгенге дейін жүргізілуі мүмкін.

Б.Х. Төлеубекованың көзқарасына сәйкес, заңнамалық қайшылықтың түпкі мәні сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін есептеудің бірден-бір негізі ретінде оның нақты басталу сәтін емес, Сотқа дейінгі СДТБТ-ге тіркелу күнін белгілеуінде жатыр [35, 29 б.]. Бұл тұрғыда заң шығарушы тергеудің басталуына қатысты нақты құқықтық айқындық орнатпай, оның мерзімін тіркеу фактісіне тәуелді етуде. Осы ретте, қылмыстық істі тергеп-тексеру іс жүзінде СДТБТ-ге тіркелгенге дейін басталуы мүмкін. Бұл жағдай тергеу органдарына тіркеу рәсімінен бұрын жедел және кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу құқығын беруімен түсіндіріледі. Мұндай құқықтық ұстаным, бір жағынан, құқық қорғау органдарына процестік икемділік берсе, екінші жағынан, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңдерінің жүйелілігі мен нақтылығына қатысты белгілі бір қайшылықтар тудыруы ықтимал.

Автор мынадай қорытындыға келеді: қылмыстық қудалау практикасында ресми түрде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы (СДТБТ-ға тіркелу) мен қылмыстық іс өндірісінің фактілік басталуы сәйкес келмейтін жағдайлар жиі кездесетін болады [35, 29 б.]. Бұл жағдай қылмыстық-процестің бастапқы кезеңінің шекараларының анықталмауына әкелуі мүмкін.

Біздің ойымызша, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу тәртібіне қатысты қолданыстағы нормалар мен олардың теориялық түсіндірмесі арасындағы белгілі бір алшақтықтар заң шығарушының қылмыстық процестегі реттеушілік әлеуетті арттыруға бағытталған ұстанымымен түсіндіріледі. Бұл тұрғыда енгізілген процессуалдық ережелер қылмыстық құқық бұзушылықтан жапа шеккен жәбірленушілердің заңды мүдделерін қорғау және әділ сот төрелігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданғаны айқын.

Атап айтқанда, 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі шеңберінде қылмыстық іс қозғау институтының болуы белгілі бір жағдайларда жәбірленушілердің құқықтарын қорғау механизмінің әлсіреуіне алып келуі мүмкін еді. Практикада бұл тәртіп құқық қорғау органдарының қылмыс туралы келіп түскен арыздар мен хабарламаларды тіркеу кезінде селективті тәсіл қолдануына, яғни олардың мән-жайын толық ашуға сенімділік болмаған жағдайда есепке алмауына әкеліп соқтырды. Мұндай әрекеттер, өз кезегінде, құқық қорғау органдары қызметінің тиімділігіне кері әсер етіп, олардың нәтижелілігін төмендетті.

Сонымен қатар, қылмыстық іс қозғау фактісі алдын ала тергеу кезеңінің басталу нүктесі болып табылатын. Заңнамаға сәйкес, қылмыс туралы арыз немесе хабарлама бойынша шешім қабылдау мерзімі үш тәуліктен аспауы тиіс болатын. Бұл шешімнің мазмұны қылмыстық іс қозғау туралы қаулыны немесе керісінше, іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыны қамтуы мүмкін еді. Осылайша, қылмыстық іс қозғау институты сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуын тежейтін процессуалдық кедергі ретінде көрініс тапты, бұл өз кезегінде қылмыстық сот өндірісінің жеделдігі мен тиімділігіне ықпал етті.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуының мәні А.Банчуктың мәлімдемелерінде жақсы көрсетілген. Ол басты мәселелердің бірі жәбірленушіге кепілдік беру екенін атап өтті. Бұл оның өтініші қабылданып, Бірыңғай тізілімге енгізілетінін білдіреді. Нәтижесінде өтініште баяндалған фактілер тексеру нысанасына айналады. Егер негіздер табылса, бұл қылмыстық сотөндірісін бастауға себеп болады. Осылайша, жәбірленушінің құқықтарын қылмыстық әрекеттерден мемлекеттік қорғау қамтамасыз етіледі [36].

Қылмыс туралы арызды немесе хабарламаны СДТБТ-ға тіркеген сәттен бастап, сондай-ақ алғашқы кезек күттірмейтін тергеу әрекетін жүргізген сәттен бастап сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталуын белгілеу, ең алдымен, уәкілетті тұлғалардың міндетті түрде әрекет етуіне кепілдік береді. Бұл тиісті тексеру жүргізуді және дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстың барлық мән-жайларын анықтауды қамтиды.

Зерттеуші профессор Б.Я. Гаврилов атап өткендей, «сот төрелігі қылмыс жасалған сәттен емес, оны тіркеген кезден басталады» [37,47 б.].

Қылмыстық сот ісін жүргізудің процессуалдық негіздерін жаңғырту жалғасуда, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар жүйелі түрде енгізіліп отырады. Олар бір жағынан құқық қорғау қызметін оңтайландыруға, ал екінші жағынан сот ісін жүргізуді қылмыстық сот төрелігінің жалпы танылған халықаралық стандарттары мен қағидаттарына сәйкестендіруге бағытталған.

Нормативтік талаптардың жиі өзгеруі сот ісін жүргізу сапасына әсер етті. Сот және тергеу тәжірибесіне жүргізген талдауымыз соңғы жылдары тұрақты үрдістің қалыптасқанын көрсетті. Ол ҚР ҚПК-нің нормаларын әртүрлі талқылаумен байланысты. Бұл, әсіресе, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен соттардың дәлелдеу қызметінде байқалады. Бұл жағдайда

соттар «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысы ережелеріне жиі жүгінеді [38].

Негізгі мәселе нормативтік қаулының 18-тармағының ережелерін екіұшты соттық түсіндіруіне қатысты: қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны СДТБТ-ге тіркегенге дейін алынған нақты деректер жарамды дәлелдемелер ретінде таныла алмайды [38].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 179-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарламаны СДТБТ-ге тіркеу немесе бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекетін жүргізу болып табылады. Бұл ретте, заң жедел тергеу әрекеттері СДТБТ-ге тіркелгенге дейін үш күндік мерзімде (ҚР ҚПК 179 бабы 4,5,6-тармақтары), не бір мезгілде тіркеу шараларын қолданумен (ҚР ҚПК 179 бабы 2-тармағы), не СДТБТ-ге тіркеуді кейінге қалдырумен (ҚР ҚПК 185 бабы 1-тармағы) жүргізілуі мүмкін жағдайларды қарастырады [10].

Нормативтік қаулының 18-тармағының ережелерін ұстанатын болсақ, онда ҚР ҚПК жоғарыда аталған нормалары өзінің заңды күшін жоғалтады. Бұл соттардың барлық шұғыл тергеу әрекеттерін жол берілмейтін деп санайтынын білдіреді. Сонымен бірге, СДТБТ-ге тіркелу тек міндетті талап қана емес екені ескерілмейді. Бұл шара - процесті жазбаша түрде есепке алумен бірге, құқық бұзушылықтарды жасыра алатын лауазымды тұлғалардың өз құзыретін теріс пайдалануынан қорғау қызметін атқарады, сондай-ақ жоғары тұрған органдардың бақылауына негіз болады.

Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекс нормаларын дұрыс талқыламайды деп есептейміз. Ол заң мәтінін түгел есепке алмай, іріктеп түсіндіре талқылайды. Бұл құқықтық нормаларды қолдану тәртібіне қайшы келеді.

Бұл қаулыны толықтыру қажет деп есептейміз. Арнайы қаулы болған жағдайда ғана СДТБТ-ге тіркелгенге дейін шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізуге болатынын түсіндіру қажет. Мұндай ұйғарым жағдайдың шұғыл әрекет етуді талап ететінін растауы керек, мысалы, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда.

Әйтпесе, құқық қорғау органдарының қызметкерлері құқық бұзушылықтың алдын алудың немесе оған қатысы бар адамды ұстаудың орнына процессуалдық тыйымдардың бар немесе жоқтығы туралы сұрау салуды жіберуге мәжбүр болып, нәтижені алғаннан кейін ғана өздеріне жүктелген функцияларды орындауға кіріскенде, бұл абсурдтық шегіне жетуі мүмкін.

Осылайша, келесі теориялық тұжырымдарға негізделе отырып, мынадай қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу кезеңін қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын уәкілетті құқық қорғау органдарының ҚР ҚПК белгіленген процессуалдық іс-әрекеттер шеңберінде қылмыстық

құқық бұзушылықтар туралы келіп түскен арыздар мен хабарламаларды ресми түрде қабылдауының сәтімен айқындау орынды. Мұндай тәсіл тергеу жүргізудің нормативтік негіздеріне сүйене отырып, құқық қолдану практикасын біріздендіруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың түбегейлі маңызы ең алдымен қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан зардап шеккен тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін кешенді әрі тиімді қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігінде көрініс табады. Сонымен қатар, бұл процесс құқыққа қарсы әрекеттерді дер кезінде анықтауға, кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тартуға және тергеу барысында барлық қажетті процессуалдық шараларды уақтылы қолдануға бағытталған құқықтық механизмдердің іске асырылуын көздейді.

Сотқа дейінгі тергеп-тергеудің басталуы өзектілігі мен маңыздылығы тек қылмыстық-процестік қызметтің тиімділігі тұрғысынан ғана айқындалмайды. Азаматтардың қылмысқа қарсы күресті қалай бағалайтыны уәкілетті құқық қорғау органдарының қаншалықты тез әрекет ететініне және олардың шешімдерінің қаншалықты заңды және негізделген болатынына байланысты. Бұл олардың мемлекетке және оның құқық қорғау органдарына деген көзқарасына да әсер етеді.

2.2 Қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептері

ҚР ҚПК 180-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына негіз болатын мән-жайлар ретінде мыналар қарастырылады:

1. жеке тұлғаның немесе мемлекеттік органның уәкілетті өкілі мен ұйымдағы басқару функцияларын жүзеге асыратын адамның қылмыстық құқық бұзушылық фактісі немесе адамның жоғалып кетуі туралы берген мәлімдемесі;

2. қылмысты жасаған адам тарапынан өз кінәсін мойындап келуі;

3. бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарда жарияланған мәліметтер;

4. қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы тарапынан жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама [10].

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болған заңды себептерге жүгінсек, Н. Н. Жогин мен Ф. Н. Фаткулина айтқан пікірлерді келтірген жөн. Олар себептерді «қылмыстық іс қозғау әрекеттерін тудыратын заңды фактілер деп анықтаған, олар қылмыстық-процестік заң бойынша көрсетілген әрекеттерде көрініс табады» деп түсіндірген [39, 93 б.].

Құқық теориясында заңды фактілер белгілі бір құқықтық салдарларды тудыратындығы қабылданған. Олар құқықтар мен міндеттерді туындатуы, өзгертуі немесе тоқтату болуы мүмкін. Мұндай фактілер әрекеттер мен оқиғалар болуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп болған

жағдайда, мұндай салдар қылмыстық-процестік қатынастардың пайда болумен сипатталады.

Л.М. Володина себептер — бұл нақты оқиғалар немесе әрекеттер емес, сол оқиғалар туралы мәліметтер деп есептейді. Бұл мәліметтер құқықтық нормаға сәйкес белгілі бір құқықтық салдардың туындауына байланысты болуы мүмкін. Себеп ретінде құқық қорғау органдарына түскен ақпарат, мысалы, арыз, хабарлама немесе кінәсін мойындап келу болуы мүмкін. Мұндай ақпарат заңға сәйкес тексеруді талап етеді. Тексерудің нәтижелері қылмыспен байланысты болуы мүмкін жағдайларды анықтауға көмектеседі. Дәл осы жағдайлар құқықтық норма арқылы қылмыстық-процестік қатынастардың пайда болу мүмкіндігімен байланыстырылады [40, 164 б.].

Автор жалғастырып, құқық қорғаушы орган қолданатын қылмыстық-процестік норма тиісті шешім қабылдауды талап ететінін айтады. Бұл шешім құқық қолдану актісі болып табылады және өткен уақытта нақты оқиға немесе әрекет (немесе әрекетсіздік) болғанын құжат жүзінде растайды. Мұндай шешім қылмыстық-процестік қатынастардың пайда болуына әкеледі. Алайда, қазіргі қылмыстық-процестік заңнамада қарама-қайшылық бар: ол істің кезеңін аяқтайтын түпкілікті шешім қабылданғанға дейінгі қатынастардың сипаты туралы сұраққа жауап бермейді.

Бұл пікір 2014 жылғы ҚР ҚПК қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде болған, сондай-ақ Ресей Федерациясында және басқа да посткеңестік мемлекеттерде болған қылмыстық іс қозғау сатысына қатысты болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде қылмыстық іс қозғау кезеңі жойылды. Қолданыстағы ҚР ҚПК-не сәйкес 180-бапта көзделген себептердің бірін тіркеу немесе алғашқы кезек күттірмейтін тергеу әрекетін жүргізу сәті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы деп танылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себеп тіркелген сәттен бастап құқық қорғау органдарының уәкілетті тұлғалары мен қылмыс туралы арыз немесе хабарлама берген адамдар, сондай-ақ өз еркімен келген және басқа себептер бойынша қатысы бар тұлғалар арасында байланыс орнайды. Осы сәтте шын мәнінде қылмыстық-процестік қатынастар пайда болады.

ҚР ҚПК 180-бабында көрсетілген себептер пайда болған сәтте тараптарда белгілі бір құқықтар мен міндеттер туындайды. Уәкілетті лауазымды тұлғалар ҚР ҚПК 185-бабы талаптарына сәйкес арыз немесе хабарламаны қабылдап, тіркеуге алу, тіркеу туралы құжат беру және әрі қарай қажетті процессуалдық әрекеттерді ұйымдастыруға міндетті. Қылмыс туралы арызды немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға арналған басқа себептерді қабылдаудан және тіркеуден бас тарту заңмен тыйым салынған және жауапкершілікке әкеп соғады [10].

Арыз немесе хабарлама берген адам сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған сәттен бастап жәбірленуші деп танылады. Бұл оған ҚР ҚПК 71-бабында көрсетілген құқықтар иемденуге және міндеттерді жүктеуге әкеп

соғады. Бұл 1992 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы» Нормативтік қаулысында 4-тармақпен бекітілген [41].

Осыдан шығатын қорытынды, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себептер шынымен де құқықтық салдарға әкеледі. Олар құқықтар мен міндеттерді туындатуы, өзгертуі немесе тоқтату мүмкін, яғни заңды фактілер болып табылады.

А.Л. Хан мен Т.С. Биндюкова ҚР ҚПК бойынша тергеуді бастауға арналған екі түрдегі себептер қарастырылғанын айтады:

1. Формальды (бастапқы) себеп, ҚР ҚПК 179-бабы 1-тармағында көрсетілген. Бұл себеп тексеру әрекеттерін жүргізуді, соның ішінде жедел тергеу әрекеттерін және СДТБТ-ға тіркелмей тұрып АЕК-не тіркеуді талап етеді. Сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеп-тексеруден бас тарту мүмкіндігі де бар.

2. Процессуалдық (заңды) себеп, ҚР ҚПК 180-бабы 1-тармағында көрсетілген. Бұл себеп СДТБТ-ға тіркеуге міндетті, содан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталады [42, 200 б.].

Тергеу басталғанға дейін жоғарыда келтірілген себептердің дифференциациясымен толық келісу керек. Біріншіден, себептер АЕК-не қабылдау және есепке алу кезеңінен өтеді. Содан кейін қажетті тексеру әрекеттері жасалады. Осыдан кейін ғана, егер қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер анықталса және іс бойынша тергеп-тексеруді болдырмайтын мән-жайлар болмаса, олар СДТБТ-ға тіркелуге жатады.

Кейбір процессуалистер ҚР ҚПК-нің 180-бабының 1-бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер іс бойынша тергеп-тексеруді болдырмайтын мән-жайлар болмаған кезде осы баптың 1-бөлігінің 1-4-тармақтарында аталған себептерге толық теңестірілетіндігіне назар аударады. Д. А. Ширинских жазғандай, заң шығарушы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы мен олардың нысаны арасында теңдік белгісін қояды [43,151 б.].

Б.Е. Исакова аталған автордың пікірімен толық келісе отыра, бұл ережені түбегейлі дұрыс емес деп санайды. Оның пікірінше, процессуалдық норманың дұрыс көрсетілмеуі ұғымдардың шатасуына әкелді. Сондай-ақ, бұл екі түрлі тәртіптің араласуына себеп болды [44, 57 б.].

Аталған автор қылмыстық-процестік заңнамасын одан әрі жетілдіру мақсатында «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау негіздері» мен «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері» ұғымдарын ажырату қажет деп санайды [44, 57 б.]. Нақты деректер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау үшін негіз болып табылады. Бұл деректер қоғамдық қауіп, құқыққа қайшылық, кінәлілік және жазалану сияқты қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсетеді. Нақты деректер себептерде болуы керек немесе болуы мүмкін. Себептер деп Заңда көзделген ақпарат көздері мен сигналдары түсініледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері ҚР ҚПК 180-бабы 1-бөлігінің 1-4-тармақтарында айқындалған [44, 57 б.].

Біз бұл ұстанымды қолдаймыз.

Сонымен, орыс тілінің түсіндірме сөздіктеріне сәйкес: себеп, себептер. Іс, қандай да бір мақсатта қолдануға болатын жағдай, мысалы, жанжалдың себебі; кез келген себеппен мазасын алу [45].

Шынында да, себептер тек бір нәрсеге түрткі болады. Бір нәрсеге себептің болуы - әрқашан күтілетін салдарға әкелмейді.

Дәл осы жағдай 1997 жылғы ҚР ҚІЖК-де ескерілді, оның 177-бабы "Қылмыстық іс қозғаудың себептері мен негіздері" деп аталды. Яғни, заң шығарушы осы ұғымдар арасында нақты ара-жікті көрсетті.

Ол кезде заңда көзделген себептердің болуы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау үшін негіздердің міндетті түрде болуын білдірмейтінін түсіндірілді.

Осыған байланысты «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен құқық қорғау органына қылмыстық құқық бұзушылық туралы кез келген ақпарат келіп түскен кезде СДТБТ-не кіруге рұқсаты бар лауазымды адамдар қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдағаннан кейін оны АЕК-не тіркейтіні анықталды [46].

Мұндай тәртіп ҚР ҚПК-нің 180-бабы 1-бөлігінің 1-4-тармақтарында бекітілген себептердің белгілеріне жататын келіп түскен ақпараттың онда қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуына негіздердің бар-жоғына тексерілгенін көздейді. Бұл жағдай «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері» мен «сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қозғау негіздері» ұғымдарының сәйкессіздігін де растайды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Б.Е.Исакованың пікірін қолдай отыра, мынадай ұсыныстарын қолдаймыз:

- ҚР ҚПК-нің 180-бабын "Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау негіздері мен себептері" деп атау және оның мазмұнын ғылыми және жүйелі тұрғыда нақтылау қажет. Осыған орай, аталған бапты келесідей жаңа редакцияда тұжырымдау орынды деп санаймыз:

«180-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау негіздері мен себептері

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің (қоғамға қауіптілік, құқыққа қайшылық, кінәлілік және жазаланушылық) бар екенін көрсететін нақты деректер болған жағдайда және қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар болмаған кезде басталады. Бұл деректер заңда белгіленген себептердің біріне негізделуі тиіс»

- ҚР ҚПК-нің 179-бабының бірінші бөлігі келесі редакцияда тұжырымдалсын:

«Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы – қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілерін қамтитын іс-әрекет туралы арыздың немесе хабарламаның, не болмаса бірінші шұғыл тергеу әрекетінің СДТБТ-не енгізілуімен сипатталады».

Бұл редакцияның негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру рәсімінің басталуын регламенттейтін құқықтық нормаларды жүйелендіру, сондай-ақ қылмыстық процеске қатысушы субъектілердің құқықтық айқындылығын қамтамасыз ету мақсаты көзделеді. Атап айтқанда, СДТБТ-не енгізу сәті қылмыстық істің қозғалуы үшін міндетті критерий ретінде белгіленіп, қылмыстық процестің алғашқы кезеңіндегі заңдылық пен рәсімдік регламенттің бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы өзгеріс сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезеңінің басталу тәртібін нақтылауға, қылмыстық процестің ашықтығын арттыруға және құқық қорғау органдарының қызметінде бірыңғай тәжірибені қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, құқықтық актілер жүйесіндегі нормативтік талаптардың үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында бұл редакция тергеу органдарының процессуалдық іс-қимылдарын реттеу құралы ретінде қарастырылады.

ҚР ҚПК 180-бабының 1-бөлігінде көзделген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерінің әрқайсысы дербес қылмыстық процестің институты болып табылады. Бұл жағдай бізді олардың әрқайсысын егжей-тегжейлі қарастыруға итермелейді.

ҚР ҚПК 180-бабының 1-бөлігінің 1) тармағына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға қылмыстық құқық бұзушылық туралы жеке тұлғаның арызы немесе мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару функцияларын жүзеге асыратын адамның хабарламасы немесе адамның жоғалуы негіз болып табылады [10].

ҚР ҚПК 181-бабына сәйкес бұл себеп кез келген түрде және нысанда (ауызша, жазбаша, электронды) ұсынылуы мүмкін. Бұл себептің ең маңызды шарты – арызданушының жеке басын анықтау және бұл адамға көрінеу жалған хабарлама жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескерту талабы. Бұл жағдай арызда қамтылған ақпаратқа сенімділік деңгейін айтарлықтай арттырады.

Анонимді мәлімдемелер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау үшін негіз болып саналмайды. Алайда, Қағидаларда олар ҚР ҚПК-де тіркелуге жататындығы және ондағы қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтер ҚР ҚПК 184-бабы 1-бөлігінің 2) тармағының талаптарына сәйкес лауазымды тұлғаның хабарламасымен расталған жағдайда ғана СДТБТ-не тіркелуі мүмкін екендігі көрсетілген [46]. Бұл анонимді мәлімдемелер мен хабарламалар тексеруге жатады дегенді білдіреді.

ҚР ҚПК 182-бабының 1-бөлігіне сәйкес адамның жасаған немесе дайындап жатқан қылмыстық теріс қылық туралы қылмыстық қудалау органына бұл адам әлі күдікті деп танылмаған не осы қылмысты жасады деген күдікпен ұсталмаған жеке, ерікті, жазбаша немесе ауызша хабарламасы мойындау болып табылады [10].

Бұл себептің басқалардан айтарлықтай айырмашылығы бар, өйткені оның басты белгісі – қылмыс жасаған адамның қылмыс жасау фактісін жеке өзі мойындауы. Бұл жағдай ерекше деп саналады. Сондықтан бұл жағдайда кінәсін мойындаған адамның жеке басын анықтау қажет. Егер кінәсін мойындап келген кездегі арызда қылмыстық құқық бұзушылықтың сыбайлас қатысушылары көрсетілсе, тұлғаға көрінеу жалған хабарлама жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы ескерту қажет.

ҚР ҚПК 53-бабының 1-бөлігінің 11) тармағына сәйкес кінәні мойындау қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жай болып табылады. Осыған байланысты ерікті түрде мойындауды белгілеу маңызды шарт болып табылады. Бұл, әсіресе, мәлімдеме адам әлі де күдікті деп танылмаған немесе белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген күдікпен ұсталған кезде жасалған жағдайларда дұрыс. Алайда, күдікті мәртебесіндегі адам әлі күдікті емес басқа қылмыстарды жасағанын өз еркімен мойындауға құқылы.

Сонымен бірге, мойындауға ниет білдірген адам үшін туындайтын зардаптарға байланысты оның шеңбері заңмен белгіленген өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақтар бермеу құқығы туралы түсініктеме беру қажет болар еді. Сонымен қатар, ол талап арыз бергенге дейін қорғаушының көмегін пайдалануға құқығы бар екендігі туралы хабардар болуы керек еді. Бұл құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында әрбір адамға берілгені белгілі.

Сонымен қатар, мойындауға ниет білдірген адам түрлі себептерге байланысты адекватты жағдайда болмауы мүмкін, сонымен қатар қазақ немесе орыс тілдерін жеткілікті деңгейде білмеуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, ҚР ҚПК 182-бабын мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтыруды жөн деп санаймыз:

«4. Басқа қылмыстар бойынша күдікті мәртебесі бар, бірақ басқа қылмысқа күдікті болып табылмайтын адам кінәсін мойындап келе алады.

5. Кінәсін мойындауды Мойындауды қабылдамас бұрын адамға өзіне және заңмен белгіленген жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығы түсіндірілуі тиіс. Сондай-ақ, оған қорғаушыны шақыру құқығы туралы хабарлау қажет.

6. Егер кінәсін мойындағысы келетін адам қазақ немесе орыс тілдерін білмесе, не алкогольдік, нашақорлық, уытқұмарлық масаң күйде немесе ауыр психосоматикалық күйде болса және өз құқықтарының түсіндірмесін жеткілікті түрде қабылдай алмаса, оған бұл құқықтар кінәсін мойындау қабылданғанға дейін түсіндіріледі. Түсіндіру аудармашының (қажет болған жағдайда) және/немесе қорғаушының қатысуымен жүзеге асырылады. Бұл туралы жауап алу хаттамасына белгі қойылады».

ҚР ҚПК 183-бабының бірінші бөлігінде бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ағандарда хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында, телекоммуникация желілерінде немесе онлайн-платформаларда жарияланған немесе таратылған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болуы мүмкін екендігі көрсетілген [10].

«Масс-медиа туралы» 2024 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес масс-медиа құралдары бұқаралық ақпарат құралы және интернет-ресурс болып табылады [47].

«Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» 2023 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес онлайн-платформа – қаржылық көрсетілетін қызметтер ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған интернет-ресурсты және (немесе) интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылымды, және (немесе) лездік хабар алмасу сервисін қоспағанда, онлайн-платформаны пайдаланушының өзі ашқан аккаунт, жария қоғамдастық арқылы онлайн-платформадағы контентті алуға, жасауға және (немесе) орналастыруға, және (немесе) таратуға, және (немесе) сақтауға арналған интернет-ресурс және (немесе) интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылым, және (немесе) лездік хабар алмасу сервисі [48].

«Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында келесі түсінік беріледі: интернет-ресурс бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат.

Жоғарыда аталған ұғымдардың барлығын қазіргі уақытта халықаралық қауымдастық «Open data» деп белгілеген «ашық деректер көздері» бірыңғай тұжырымдамасына біріктіруге болады.

Қазіргі уақытта ашық деректер көздеріне мыналар жатады:

- Интернет іздеу жүйелері;
- мәліметтер базасы;
- электронды БАҚ (Интернет БАҚ);
- әртүрлі «әлеуметтік желілер»;
- ақпараттық агенттіктердің сайттары;
- әртүрлі жеке веб-сайттар (оларға жеке ұйымдардың веб-сайттары, сондай-ақ жеке тұлғалардың жеке веб-сайттары кіреді).

Ашық деректердің мазмұны келесі 2-суретте толығырақ және толық көрсетілген



2-сурет. Ашық ақпарат көздері

ҚР ҚПК 183-бабының мәтінінде бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникация желілерін, онлайн-платформаларды тізбелеудің орнына «ашық деректер көздері» деген ұғымды қолданған дұрыс сияқты.

ҚР ҚПК 184-бабында қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе аяқталып жатқан қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарламасы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз бола алады деп көрсетілген.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтердің табылуы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау үшін негіз болады, егер:

-анықтау органының қызметкері, тергеуші, прокурор өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтың куәгері болса не қылмыстық құқық бұзушылықтың ізін немесе салдарын ол жасалғаннан кейін дереу анықтаса (ҚР ҚПК-нің 184-бабының 1-бөлігінің 1-тармағы) [10];

- қылмыстық қудалау органының лауазымды адамы немесе прокурор қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алса (ҚР ҚПК-нің 184-бабының 1-бөлігінің 2-тармағы) [10].

Қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары СДТБТ-не тіркелген құқық бұзушылықты тергеу кезінде анықтауы мүмкін. Бұл ретте олар бұл ақпаратты СДТБТ-не енгізуге міндетті. Бұл бұрын белгісіз болған қылмыстық құқық бұзушылықтың ашылуына қатысты сотқа дейінгі тергеуді бастауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдарының сотқа дейінгі тергеп-тексерумен байланысты емес өзге де қызметтік міндеттерін орындау барысында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау жағдайлары бар. Сонымен қатар, олар қылмыстың куәсі болуы мүмкін.

Осылайша, жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде белгілі бір мәліметтер ҚР ҚПК көзделген талаптарға толық сәйкес келген жағдайда ғана сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз ретінде танылуы мүмкін екенін анықтадық.

3 Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың жекелеген проблемалары

3.1 Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуының ұйымдастырушылық және рәсімдік жай-күйін талдау

Алдын ала тергеудің басталуы ҚР ҚПК 23-тарауының 179-186-баптарымен реттеледі. ҚР ҚПК 179-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, ол қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды немесе хабарламаны СДТБТ-не тіркеуден немесе алғашқы шұғыл тергеу әрекетінен басталады.

Бұл баптар сотқа дейінгі тергеудің басталу тәртібін айқындайды. Толығырақ рәсімдер қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды немесе рапорттарды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ СДТБТ жүргізу қағидаларында көрсетілген [46].

ҚР ҚПК 180-бабы 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар жеткілікті деректер болған кезде, егер істі қозғауға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаса, сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталады.

Тергеуді бастауға негіздер:

1. азаматтың немесе мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының (немесе ұйымдағы басқарушылық қызмет атқаратын адамның) қылмыс немесе адамның хабар-ошарсыз кеткені туралы өтініші;

2. кінәні мойындап, өз еркімен келу;

3. бұқаралық ақпарат құралдарында және онлайн платформаларда жарияланған хабарламалар;

4. құқық қорғау органы қызметкерінің дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы рапорты [10].

Қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептері анықтау органының, тергеушінің немесе прокурордың дайындалып жатқан, жасалып жатқан не жасалған қылмыс туралы хабардар болу көзін білдіреді [49, 259-262 б.].

Дәл осы өтініштер мен қылмыс туралы хабарламаларды қабылдау және тіркеу кезеңінде әркімнің сот арқылы қорғалу құқығы жүзеге асырылады. Бұл құқық ҚР ҚПК-нің 12-бабында қылмыстық процестің негізгі қағидаты ретінде бекітілген.

Осы қағидатқа сәйкес, мемлекет заңда белгіленген жағдайларда әділ сотқа қолжетімділікті және келтірілген зиянды өтетуді қамтамасыз етеді.

Құқықтарды қорғаудың бірінші қадамы – өтініштер мен хабарламаларды дұрыс қабылдап, тіркеу. Одан кейін алдын ала тергеу жүргізіліп, қылмыстық іс сотқа жіберілуі тиіс.

Егер қабылдау және тіркеу тәртібі бұзылса, бұл азаматтардың құқықтарын шектейді. Конституцияда «әркім» деген термин қолданылған, бұл қорғау барлығына бірдей қолжетімді болуы тиіс екенін көрсетеді.

Сотқа дейінгі тергеудің басталуындағы ұйымдастырушылық және рәсімдік аспектілерді екі кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезеңде қылмыстар туралы арыздар мен хабарламалар қабылданады.

Екінші кезеңде тергеуді бастауға негіздер тіркеледі.

Қағидаларға сәйкес, қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері қылмыстар туралы ақпаратты тәулік бойы қабылдайды.

Барлық алынған ақпарат ақпаратты есепке алу кітабында (АЕК) тіркеледі.

АЕК – бұл сотқа дейінгі тергеуді бастауға негіздер туралы мәліметтерді қамтитын, ҚР ҚПК 180-бабының 1-бөлімінде (Қағидалардың 2-бабы, 1-тармақ) көрсетілген автоматтандырылған деректер базасы.

«Кез келген» деген тұжырым анонимді өтініштерге де қатысты. Олар да АЕК-де тіркеледі.

Барлық өтініштер мен қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы хабарламалар тіркеуге жатады. Бұл ереже олардың мазмұнында қылмыстық құқықбұзушылық белгілерінің бар-жоғына қарамастан қолданылады.

Өтініштер кез келген түрде берілуі мүмкін: жазбаша, ауызша, электрондық және телекоммуникациялық байланыс құралдары арқылы, пошта арқылы немесе арнайы жәшіктерге салу арқылы.

Ережелер қылмыстық құқықбұзушылықтар туралы өтініштердің нысанын белгілейді. Егер адам өтінішті жеке өзі берсе, оны бірден толтыра алады. Басқа жағдайларда өтініш нысанын құқық қорғау органдарының қызметкері өтініш берушімен кездескен кезде толтырады. Егер жағдай шұғыл шараларды талап етсе, бұл жедел тергеу әрекеттерінен кейін жүзеге асырылады.

Нормативтік актілер өтініштер мен арыздардың формасын анықтайды. Бұл өтініш беруші мен қауіпті оқиға туралы мүмкіндігінше толық ақпарат алу үшін қажет. Сондай-ақ, бұл жалған айыптаулардың алдын алуға көмектеседі.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштерді қабылдаудың соңғы кезеңі – өтініш берушіге талон-хабарлама беру.

Талон-хабарлама екі бөліктен тұрады:

— Талон-хабарламаның түбіртегі қылмыстық қудалау органында қалады.

— Жыртпалы талон өтініш берушіге беріледі.

Талон-хабарлама түбіртектері қатаң есептегі құжаттар болып табылады және қылмыстық қудалау органдарында үш жыл сақталады.

Жыртпалы талонның сыртқы бетінде көрсетілген:

— Интернет-ресурстың мекенжайы: www.qamqor.gov.kz.

— Ақпарат алу үшін телефон нөмірлері: 8 800-080-7777 (стационарлық телефоннан) және 1414 (ұялы телефоннан).

— Өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органының телефон нөмірі (Қағидалардың 7-бабы).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіздерді СДТБТ -ге тіркеу кезеңі басталады.

СДТБТ — бұл автоматтандырылған дерекқор. Оған тергеуді бастау себептері, процестік шешімдер, қабылданған шаралар мен қылмыстық процесс барысы туралы мәліметтер енгізіледі. Сондай-ақ, реестрде арыз берушілер мен қылмыстық процесс қатысушылары туралы ақпарат тіркеледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі электрондық форматта жүргізіледі [46].

К.С. Мокляктың айтуынша, Қазақстан заң шығарушысы СДТБТ жасағанда бірнеше мақсат қойды. Ол қылмыстар мен қылмыскерлердің бірыңғай есебін қамтамасыз етуді қалады. Сондай-ақ, тергеу кезінде заңдылықты бақылау маңызды болды. Тағы бір мақсат – қылмыстың деңгейі мен құрылымын қадағалау [50].

Прокуратура басшысы, тергеу бөлімінің бастығы немесе анықтау органы, сондай-ақ уәкілетті тұлға қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты тергеушілерге, анықтаушыларға, прокурорларға және басқа да лауазымды адамдарға дереу беруге міндетті. Бұл Қағидалардың 12-15-тармақтардың талаптарын орындау және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу үшін қажет (Қағидалардың 8-бабы) [46].

Қағидалардың 9, 10, 11-тармақтарында көрсетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау негіздері СДТБТ-ге тіркелуі тиіс. Тіркеуді тергеушілер, анықтаушылар, прокурорлар, уәкілетті тұлғалар және өз құзыреті бойынша тергеп-тексеру тапсырылған қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары жүргізеді (Қағидалардың 12-бабы) [46].

Осы Қағидалардың 9, 10, 11-тармақтарына сілтемелер ҚПК-нің 180-бабы 1-бөлімінің келесі ережелеріне сәйкес келеді:

1. Азаматтың өтініші немесе мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы не ұйым басшысының қылмыстық құқық бұзушылық немесе адамның хабар-ошарсыз кетуі туралы хабары.

2. Өз еркімен келіп, кінәні мойындау.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарында және онлайн-платформаларда жарияланған ақпарат [10] [46].

Қағидалардың 13-тармағында күрделі мәтін берілген. Онда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат түскен кезде (9-11-тармақтарда көрсетілген жағдайларды қоспағанда), тергеушілер, анықтаушылар, прокурорлар және басқа да уәкілетті тұлғалар қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтінішті немесе хабарламаны қабылдауы тиіс. Бұл шұғыл түрде, бірақ 24 сағаттан кешіктірмей орындалуы керек. Сонымен қатар, Қағидалардың 9 және 10-тармақтардың талаптары сақталуы қажет. Ақпарат Қағидалардың 12-тармағына сәйкес СДТБТ -ге тіркелуі тиіс [46].

Ақпарат, «осы Қағидалардың 9-11-тармақтарында көрсетілген ерекшеліктер болмаған жағдайда», сотқа дейінгі тергеуді бастауға негіз болып табылады. Қылмыстық-процестік кодекстің 180-бабы 1-бөлігінің 4-тармағына сәйкес, мұндай негіз – қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасының

дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты.

Қағидалардың 13-тармағында үш рет басқа тармақтарға сілтеме бар. Бұл мәтінді түсінуді қиындатады. Сондай-ақ, нормативтік реттеуді күрделендіреді. Мұны келесі түрде тұжырымдау оңай әрі түсінікті болар еді: «Қылмыстық қудалау органы лауазымды тұлғасының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты алынған кезде...».

Біздің ойымызша, Қағидалардың мәтініне «дереу» сөзін енгізу артық. Ол қажетті мағыналық жүктемені көтермейді, өйткені бұл «дереу» мерзімнің нақты қандай уақыт аралығын білдіретіні түсініксіз. Сонымен қатар, сотқа дейінгі тергеуді бастауға негіз болуы мүмкін жағдайларды қарастыру мерзімі 24 сағатты құрайды, бұл онсыз да өте қысқа уақыт.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтінішті немесе хабарламаны СДТБТ -де тіркеу процесі құзыретті тұлғаның қағаз құжатқа Қағидалардың 10 және 10-1 қосымшаларына сәйкес тіркеу мөрін қою рәсімімен аяқталады. Тіркеу мөртаңбаларына органның атауы, тіркеу күні, АЕК немесе СДТБТ тіркеу нөмірі, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты және лауазымды тұлғаның қолы кіреді [46].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу мерзімдеріне қатысты айта кетсек, Қағидаларға сәйкес, олар АЕК-не қабылданып, тіркелгеннен кейін дереу тексеру және СДТБТ -ге тіркеу үшін жіберіледі.

Түскен ақпаратты қарау және оны СДТБТ -ге тіркеу мерзімі де 24 сағат болып белгіленген.

Осылайша, АЕК-не қабылдау, тіркеу, уәкілетті лауазымды тұлғаларға беру, оны СДТБТ -де тіркеу негіздерін анықтау және СДТБТ -де тіркеу рәсімдері 24 сағат ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

ҚР ҚПК-тің 23-тарауында қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды қабылдау және тіркеу мерзімдері көрсетілмеген.

Алайда кейбір ерекшеліктер бар:

— ҚР ҚПК-тің 179-бабы 4-бөлігіне сәйкес, егер арызда әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болса, ол үш тәулік ішінде тиісті органға жіберіледі.

— ҚР ҚПК-тің 181-бабы 5-бөлігіне сәйкес, егер қылмыстық құқық бұзушылық белгілері жеткіліксіз болса, бірақ тексеру қажет болса, арыз үш тәулік ішінде тіркеусіз уәкілетті органға жіберіледі.

Бұдан туындайтын сұрақ: бірдей мазмұндағы процедуралардың мерзімдерін анықтаудағы осындай елеулі айырмашылықтардың себебі неде? Біз бұл жерде СДТБТ-ге өтініштер мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу немесе оларды тиісті уәкілетті органға жіберу процедураларын меңзеп отырмыз.

Сонымен қатар, қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтінішті немесе хабарламаны тексеру шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізумен байланысты

болуы мүмкін. 2014 жылғы ҚР ҚПК-нің 196-бабының 1-бөлімінде шұғыл тергеу әрекеттерінің тізімі көрсетілген: бұл – қарау, тінту, алу, куәландыру, күдіктіні ұстау және жауап алу, жәбірленушілер мен куәлардан жауап алу және басқа да тергеу әрекеттері [10].

Бұл жағдайда заң шығарушы «және басқа да тергеу әрекеттері» деген сөз тіркесін қолданады. Бұл кез келген тергеу әрекеттері шұғыл жүргізілуі мүмкін екенін білдіреді. Олардың жеделдігі нақты жағдайға байланысты, сондықтан шұғыл тергеу әрекеттерінің тізімін қатаң шектеу мүмкін емес.

Шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу қажеттілігі қосымша уақытты талап етуі мүмкін. Бұл уақыт дайындық үшін қажет болады (қатысушыларды хабардар ету, мамандар мен қажетті техниканы таңдау, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және т.б.).

Процестік мерзімдерге қатысты осы кезеңде Б. Х. Төлеубекова бірінші шұғыл тергеу әрекетінің күні СДТБТ -де тіркелу күнінен бұрын болатынын атап өтеді. Бұл жағдай тергеуге дейінгі тексеруді бастауға негіз уәкілетті адамның қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді анықтауы жөніндегі рапорты болған кезде орын алады [35. 29-35 б.].

Маңыздысы – СДТБТ-ге ақпаратты тез тіркеу теріс салдарға әкелуі мүмкін. Төмендегі 3-кестеде есептік кезеңде тіркелген қылмыстық істер санына қатысты тоқтатылған істердің арақатынасы көрсетілген.

3-кесте. 2022-2024 жылдар аралығында тоқтатылған қылмыстық істер санының тіркелген істер санына қатынасы.

Талдау кезеңі	Барлығы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар.	Ақталу негіздері бойынша тоқтатылды.
2022 жыл	157473	68557 немесе 43,5%
2023 жыл	140272	66565 немесе 47,4 %
2024 жыл	132778	67634 немесе 50,9 %

Статистикалық деректерге сәйкес, жыл сайын қылмыстық құқық бұзушылықтардың жартысы тоқтатылады. Көп жағдайда істер ақтайтын негіздер бойынша жабылады.

Қылмыстық істің тоқтатылуы – бұл теріс көрсеткіш. Бұл барлық қылмыстық процесс міндеттері шешілмегенін білдіреді.

Істің ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылуы – одан да күрделі мәселе. ҚР ҚПК-нің 4-бөліміне сәйкес, мұндай шешім ақтау рәсімін тудырады. Бұл адамның материалдық және моральдық залалын өтеуді талап етеді. Сондай-ақ оның бұзылған құқықтары мен бостандықтары толық қалпына келтірілуі керек.

ҚР ҚПК-нің 37-бабы 1-бөлігіне сәйкес, сот арқылы ақталған адам, сондай-ақ күдікті, айыпталушы, сотталушы, олардың қылмыстық ісі ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарында көзделген негіздер бойынша сот немесе қылмыстық қудалау органы шығарған қаулыға

сәйкес тоқтатылған жағдайда, олар ақтауға жатады. Яғни, олардың құқықтары қалпына келтіріледі және Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдендірілген құқықтары мен бостандықтарына қандай да бір шектеулер қойылмауы тиіс [10].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 нормативтік қаулысында баяндалған «Қылмыстық процесті жүзеге асырушы органдардың заңға қайшы әрекеттері нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы» құқықтық ұстанымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 40-бабының бірінші бөлігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1218 қаулысымен бекітілген Қылмыстық процесті жүзеге асырушы органдардың заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан мүліктік зиянды өтеу қағидаларына сәйкес, аталған органдардың заңсыз шешімдері мен әрекеттері нәтижесінде келтірілген материалдық шығын келесі шығын түрлерін қамтиды: негізсіз айыру салдарынан алынбай қалған еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақылар, басқа да кірістер мен қаржылай түсімдер; заңсыз үкімдер не шешімдер негізінде мемлекет меншігіне алынған немесе тәркіленген мүлік; заңсыз үкімдерді орындау барысында өндірілген айыппұлдар; құқыққа қайшы қылмыстық іс-әрекеттерге байланысты тұлға төлеген сот шығындары мен басқа да төлемдер; сондай-ақ заң көмегіне жұмсалған қаражат пен қылмыстық қудалау барысында туындаған қосымша шығыстар.

Сонымен қатар, мұндай заңсыз әрекеттерден зардап шеккен азаматтар өздерінің еңбек, зейнетақы, тұрғын үй және өзге де бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге, сонымен бірге келтірілген моральдық зиянның орнын толтыруға құқылы [51].

Мемлекет қылмыстық процестің бастапқы кезеңін жақсартуға ұмтылды. Осы мақсатта қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу рәсімдері жетілдірілді. Алайда, бұл күтпеген нәтижеге әкелді – ақтау негіздері бойынша тоқтатылған істердің саны айтарлықтай артты.

Бұл факт қылмыстық істердің көбінесе құқықбұзушылықтың немесе оқиғаның болмауына байланысты тоқтатылғанын дәлелдейді (ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1 және 2-тармақтары). Бұл дегеніміз, алдын ала тергеулердің басым бөлігі негізсіз басталған. Нәтижесінде бюджет қаражаты жұмсалып, азаматтар заңсыз қудалауға ұшырап, тергеу органдарына жүктеме артты. Мұның бәрі жаңа ҚР ҚПК-тің негізгі қағидаттарын әлсіретті [44, 57-60 б.].

Мұндай жағымсыз салдардың себебі – қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын тексеруге тым қысқа мерзімнің (24 сағат) берілуі.

Осыған байланысты біз мынаны ұсынамыз.

— Қағидалардың 13-тармағында «9-11-тармақтарында көрсетілген себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты» деген сөздерді «қылмыстық қудалау органы лауазымды тұлғасының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты» деген сөздермен ауыстыру.

— Қағидалардың 8-тармағының бірінші абзацында «дереу» деген сөзді «24 сағат ішінде» деген сөздермен ауыстыру, ал екінші абзацында «24 сағат ішінде» деген сөздерді «үш тәулік ішінде» деген сөздермен ауыстыру.

— Қағидалардың 13-тармағында «дереу» деген сөзді алып тастап, «бірақ 24 сағаттан кешіктірмей» деген сөздерді «үш тәулік ішінде» деген сөздермен ауыстыру.

— Көрсетілген ұсыныстарды қабылдау қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен өтініштерді қабылдау және тіркеу бойынша қылмыстық процестік қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді деп есептейміз.

— Көбірек уақыт беру қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын анықтау кезінде қателіктер санын азайтуға көмектеседі, бұл өз кезегінде ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істердің санын едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

3.2 Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын регламенттеу бөлігінде Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын жетілдіру жолдары

2014 жылғы жаңа ҚР ҚПК заңды күшіне енген сәттен бастап он жылға жуық уақыт өтті. Содан бері және осы уақытқа дейін процессуалист ғалымдар сотқа дейінгі тергеудің басталуын реттейтін нормалардың ережелерін терең және жан-жақты талдаудан өткізеді. Егер басында бұл нормалар таза теориялық түсінікке ұшыраған болса, онда соңғы жылдары ғылыми зерттеулер оларды практикалық қолдану тәжірибесімен нығайтыла бастады.

Көп жағдайда зерттеушілер СДТБТ-ге өтініштер мен хабарламаларды тіркеу нормаларының жеткіліксіз пысықталуына назар аударады.

Қазіргі уақытта қазақстандық заң шығарушы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептері мен оған негіздемелер сияқты ұғымдар арасында саралау жасамайды.

Алдыңғы бөлімдерде біз кейбір зерттеушілердің осы мәселеге қатысты ұстанымы туралы айтқан болатынбыз. Атап айтқанда, Д. А. Ширинских сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері мен оның нысаны арасында теңдік белгісі қойылғанын көрсетеді [43, 152 б.].

Б. Е. Искакова бұл ережені түбегейлі дұрыс емес деп санайды, өйткені процессуалдық норманың дұрыс көрсетілмеуі ұғымдардың өзгеруіне және екі түрлі заңи құбылыстың өзара араласуына әкелді [44, 57-60 б.].

Біз авторлардың пікірін қолдаймыз. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын жетілдірудің бір жолы – сотқа дейінгі тергеуді бастау үшін «негіз» және «себеп» ұғымдарын нақты ажырату. Бұл қылмыстық процестің осы кезеңінің құқықтық реттелуін нақтылауға мүмкіндік береді.

Құқықтық әдебиетте кеңінен талқыланатын тағы бір маңызды мәселе – заңмен белгіленген мерзім, оның ішінде сотқа дейінгі тергеу бастау туралы шешім қабылдануы тиіс.

ҚР ҚПК-не сәйкес, уәкілетті тұлғалар СДТБТ-ге тіркеу туралы шешімді қабылдауы тиіс, бұл бір мезгілде сотқа дейінгі тергеуді бастауды білдіреді. Бұл шешім 24 сағат ішінде қабылдануы керек.

Зерттеу нәтижелері бойынша біз заңда көрсетілген өтініштер мен хабарламаларды СДТБТ-ге тіркеу мерзімінің қысқалығы теріс салдарға әкелетінін анықтадық. Мұндай салдардың бірі – қылмыстық істердің қысқару деңгейінің артуы. Сонымен қатар, бұл азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына алып келеді, ал оларды кейін реабилитациялау тәртібі арқылы қалпына келтіру қажет болады.

Сондықтан біз Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына өзгерістер енгізуді ұсынамыз. Атап айтқанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау мерзімдерін қайта қарастыру қажет. Бұл шаралар сотқа дейінгі тергеудің тиімділігін арттырып, азаматтардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, келесі мәселе заң шығарушының кейбір өтініштер немесе құқық бұзушылық туралы хабарламалар бойынша қылмыстық жауапкершілік белгілерінің бар-жоғын анықтау үшін қосымша ақпарат қажет болатын жағдайларды ескермегенінде жатыр.

1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 184-бабының нормалары негізделген еді. Олар қылмыс туралы өтініш немесе хабарлама түскеннен кейін үш тәуліктен кешіктірмей қаралуы тиіс екенін бекітті. Егер шешім қабылдау үшін қосымша мәліметтер, құжаттар немесе басқа да материалдар қажет болса, мерзім ұзартылуы мүмкін еді. Тергеу органының немесе тергеу бөлімінің басшысы бұл мерзімді он тәулікке дейін ұзартуға құқылы болды. Ерекше жағдайларда бұл мерзім екі айға дейін созылуы мүмкін еді. Мұндай ұзарту туралы прокурор үш тәулік ішінде хабардар етілуі тиіс еді [7].

Қолданыстағы ҚР ҚПК-не сәйкес уәкілетті лауазымды тұлғалар қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын анықтайды. Олар бұл шешімді сотқа дейінгі тергеп-тергеуді бастау негіздерін зерттеу арқылы қабылдайды. Кейбір жағдайларда олар жедел тергеу әрекеттерінің нәтижелерін де ескереді.

Алайда, осы әрекеттердің өзі өтінішті немесе хабарламаны СДТБТ-ге тіркеуді толық негіздеу үшін жеткіліксіз.

Мысалы, жедел тергеу әрекеттері ақпаратты тез алуға мүмкіндік береді. Алайда бұл ақпарат әрдайым қылмыстық жағдайды толық түсінуге жеткіліксіз болуы мүмкін.

Г.Г. Нубаева мен Г.А. Куналиева заң нормасына (ескі ҚР ҚІЖК-нің 177-бабының редакциясы) сәйкес қылмыстық іс қозғау үшін жай ғана қылмыс туралы мәліметтер емес, жеткілікті деректер қажет екенін атап өтеді. Бұл дегеніміз, бастапқы мәліметтер тексеруден өтуі тиіс. Тексеру барысында

олардың шынайылығы анықталады. Егер мәліметтер расталса, тергеушінің қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдауы үшін жеткілікті деректері болады.

Кейбір жағдайларда сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттеріне қатысты бастапқы материалдар қылмыстық іс қозғауға негіздің бар-жоғын бірден анықтауға мүмкіндік бермейді (мысалы, ҚР ҚК-нің 121-бабы) [49, 258-262 б.].

Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев сот жүйесін реформалау қажеттігін атап өтті. Негізгі назар құқықбұзушылықтың алдын алуға аударылуы тиіс. Азаматтардың негізсіз қылмыстық қудалауға тартылуын болдырмау маңызды. Сондай-ақ құқық қорғау және салық органдары тарапынан қысымды жою қажет [52].

Шығыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасының адвокаты В. Н. Филатовтың пікірінше, жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ұрлық, тонау, қарақшылық) кезінде қылмыс жағдайлары бірден айқын көрінеді. Ал экономикалық қылмыстарды тергеу барысында құқық бұзушылық белгілерін бір тәуліктің ішінде анықтау қиын [53, 88-89 б.].

Қазіргі уақытта Қылмыстық-процестік кодекстің 179-бабының бірінші бөлігіне өзгерістер енгізілді:

1) қолданыстағы заңнаманы бұзушылықтар туралы, тексерулер, ревизиялар, аудит актілерімен және олардың болуы қылмыстық құқық бұзушылықтың міндетті белгісі болып табылатын басқалармен расталған нұқсан туралы, елеулі зиян не заңсыз кіріс, медицина немесе фармацевтика қызметкерінің кәсіптік міндеттерін орындамағаны, тиісінше орындамағаны, медициналық көмек көрсетуге міндетті адамның науқасқа оны көрсетпеуі, клиникалық зерттеулер жүргізу және профилактиканың, диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін бұзу туралы мәліметтері жоқ;

2) жазбаша нысанда жасалған және сот жарамсыз, жалған немесе өтірік деп танымаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға негізделген бұзушылықтар жөнінде;

3) мынадай:

салықтық тексеру актісі, тұжырымдарында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің барын көрсететін жеткілікті деректер қамтылған мемлекеттік кіріс органдары маманының қорытындысы (анықтамасы) қоса берілмей;

мемлекеттік кіріс органдарының салықтық тексеру нәтижелеріне сотқа дейінгі шағым жасау кезінде уәкілетті органның шешімі шығарылғанға дейін, ал сотқа шағым жасау жағдайларында сот актісі заңды күшіне енгенге дейін;

іс-әрекетті қылмыстық топтың құрамында жасау белгілері болған, сондай-ақ есепке жазу іс жүзінде жұмыстар орындалмаған, қызметтер көрсетілмеген, тауарлар тиіп-жөнелтілмеген мәмілелер бойынша жүргізілген не тапсырылуы міндетті болатын декларация ұсынылмаған не

салық салынатын басқа да объектілерді және (немесе) басқа да міндетті төлемдерді жасыру арқылы декларацияға кірістері және (немесе) шығыстары туралы көрінеу бұрмаланған деректер енгізілген жағдайларды қоспағанда, салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың есепке жазылған сомалары толық өтелген кезде салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару фактілері жөнінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды [10].

В.Н. Филатов атап өткендей, өзгерістер енгізілгеніне қарамастан, экономикалық қылмыстардың құрамы әлі де толық анықталмаған [53, 88-89 б.].

Іс жүзінде салық және кеден органдары процессуалдық шешімдерді қабылдау барысында материалдарды тек заңнамамен белгіленген шекті мөлшерден асқан жағдайда ғана тиісті органдарға жолдайды. Бұл шектік көрсеткіштер ҚР ҚК 3-бабының 2, 3 және 38-тармақтарында нақтыланған.

Мәселен, ҚР ҚК 216-бабына сәйкес, егер жеке тұлғаға келтірілген материалдық залал көлемі екі мың айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асып түссе, бұл қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Ал егер келтірілген зиян заңды тұлғаға немесе мемлекетке қатысты болса, онда шекті мөлшер жиырма мың АЕК деңгейінде белгіленген.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап бір АЕК мөлшері 3 932 теңгені құрайтыны ескерілген жағдайда, қылмыстық іс қозғауға негіз болатын ең төменгі залал сомасы жеке тұлғалар үшін 7 864 000 теңге, ал ұйымдар мен мемлекет үшін 78 640 000 теңге деңгейінде белгіленеді.

Сонымен қатар, ҚР ҚК 244-бабына сәйкес, мемлекеттік бюджетке төленбеген салық сомасы жиырма мың АЕК-тен асқан жағдайда ғана қылмыстық әрекет ретінде сараланады, бұл 78 640 000 теңгені құрайды. Ал 245-бап бойынша, мұндай шектік мән елу мың АЕК деңгейінде белгіленіп, 196 600 000 теңгені құрайды.

Осы орайда, фискалдық органдар құқық бұзушының ниеті немесе мақсаты туралы мәселені анықтауға міндетті емес. Олар үшін басты критерий – бюджет алдындағы қарыз сомасының заңнамамен белгіленген шектен асу фактісі болып табылады.

Салықтық бақылау процесіне келсек, салық органдарының қорытындысы немесе салықтық тексеру актісі дайындалған жағдайда, онда белгіленген шектен асатын қосымша есептеулер көрсетілуі мүмкін. Алайда, салық төлеуден жалтарудың әдейі жасалған әрекет пе, әлде бухгалтерлік есеп жүргізудегі қателік пе екенін анықтау қысқа мерзім ішінде мүмкін болмайды. Бұл ретте, осындай фактілерді қараусыз қалдыру да орынсыз, себебі олар прокурорлық шараларды қабылдауға және тиісті санкцияларды қолдануға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты, тергеу органдары қылмыстық істі СДТБТ-де тіркеуге міндетті, содан кейін ғана нақты мән-жайларды анықтауға кіріседі.

Осы мәселелерді ескере отырып, ҚР ҚПК "Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы" атты 23-тарауын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Әсіресе, экономикалық сипаттағы құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тексеру кезеңін қайта енгізу тиімді болар еді, себебі бұл қылмыстық процестің негізділігі мен объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді [53, 88-89 б.].

К. К. Сейтенов пен С. Ж. Абдолл құқық қорғау органдары кейде азаматтарды жеткілікті негізсіз қылмыстық қудалауға ұшырататынын атап өтеді. Нәтижесінде, мұндай істерде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы анықталмай, олар ақтау негізінде тоқтатылады. Мұндай жағдайлар бизнестің дамуына кері әсер етеді. Олар кәсіпкерлік қызметтің тоқтауына, қаржылық шығындарға және іскерлік беделдің төмендеуіне әкеледі. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне деген сенім азаяды [54, 72-81 б.].

Жоғарыда аталған авторлар келесі мысалды келтіреді.

Қазақстан Республикасының Экономикалық тергеу қызметінің аумақтық бөлімшелерінің бірінде қылмыстық іс материалдары қаралды. Бұл материалдар 2019 жылдың ақпан айында СДТБТ-ге тіркелді. Тіркеуге негіз ретінде ҚР ҚК 189-бабы 3-бөлігі 1-тармағында көзделген «Өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемдену немесе талан-таражға салу» қылмысының жасалуы туралы күдік алынды.

Қылмыстық іс материалдары жалғыз құрылтайшының (тапсырыс беруші) өтініші негізінде рәсімделді. Өз өтінішінде ол тапсырыс беруші мен мердігердің лауазымды тұлғалары жасаған алаяқтық әрекеттер туралы хабарлады. Бұл әрекеттер мемлекеттік сатып алу аясында орын алған және жобалау жөніндегі инженерлік жұмыстарға қатысты ірі сомаларды қамтыған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде тапсырыс беруші тараптың лауазымды өкілдері мердігерге шарттық міндеттемелер толық орындалмай тұрып, алдын ала ішінара төлем жүргізгені анықталды. Алайда мердігер тарапынан келісімшартта көзделген жұмыстардың толық көлемі белгіленген мерзімде аяқталмаған. Аталған жағдайға жобалық қызметтерді жүзеге асыру үшін қажетті бастапқы мәліметтердің тапсырыс беруші тарапынан уақтылы ұсынылмауы негізгі себептердің бірі ретінде танылған.

Тергеу барысында құрылыстық-техникалық сипаттағы сот сараптамасын жүргізу туралы шешім қабылданғанымен, тиісті сараптама мекемесінде жобалау саласының маманының болмауына байланысты сараптамалық қорытындыны алу мүмкін болмады.

2019 жылғы қазан айында қылмыстық іс бойынша қылмыстық құрам белгілерінің болмауына байланысты іс жүргізу тоқтатылды. Мұндай шешім тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы құқықтық қатынастардың азаматтық-құқықтық сипатта болуымен негізделді, бұл өз кезегінде мердігердің қасақана және заңсыз түрде ақшалай қаражатты иемденуге бағытталған әрекеттерге бармағанын көрсетеді.

Құқық қорғау органы өкілі қылмыстық істі тоқтату туралы шешімді сот органдарының нормативтік құқықтық актілеріне сүйене отырып қабылдаған. Атап айтқанда, 2019 жылдың мамыр айында (жеңілдетілген іс жүргізу

тәртібімен) және қыркүйек айында (жалпы тәртіппен) Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотымен қабылданған сот шешімдеріне негізделген. Аталған актілерде сот мемлекеттік сатып алу шарты шеңберінде төленген қаржыны өндіру туралы тапсырыс берушінің талап-арызын қанағаттандырған. Өз кезегінде, мердігер бұл шешіммен келіспей, қаражатты қайтару жөніндегі талапты даулады [55].

Тағы бір мысалды келесідей сипаттауға болады. 2019 жылдың қараша айында мемлекеттік кірістер органының тақырыптық тексеру актісіне сәйкес, ЭТД қызметкерлері СДТБТ-де қылмыстық істі тіркеді. Ол «А.» ЖШС басшылығының әрекеттеріне қатысты болды және ҚР ҚК 214-бабы 1-бөлігі бойынша («Заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет») сараланды.

Істі тіркеудің себебі – «А.» ЖШС басшылығының алкоголь өнімін уақытша басқа қоймаға орналастыруы. Лицензиясы бар, бірақ жөндеуді қажет ететін қоймадан тауарлар жылы көрші қоймаға ауыстырылған.

2019 жылдың желтоқсан айында «А.» ЖШС прокуратура органдарына шағым түсіргеннен кейін, қылмыстық іс тоқтатылды. Оған себеп – қылмыстық құқықбұзушылық құрамының болмауы. Материалдар мемлекеттік кірістер органына жолданып, «А.» ЖШС-ны ҚР ӘҚБтК-нің 464-бабы («Лицензиялау нормаларын бұзу») бойынша жауапкершілікке тарту мәселесі қарастырылды [55].

К.К. Сейтенов пен С.Ж. Абдолланың пікірінше, қарастырылған құқық қолдану тәжірибесі бірнеше маңызды сұрақтарды тудырады.

Біріншіден, тапсырыс берушінің құрылтайшысы құқық қорғау органдарына жүгінуінің заңдылығы бағалануы қажет. Оның себебі – мемлекеттік сатып алу шарттарын тапсырыс берушінің және мердігердің лауазымды тұлғалары бұзған.

Екіншіден, мемлекеттік сатып алудағы міндеттемелерді орындауды бақылау және мониторинг жүргізу механизмі зерттелуі керек. Сондай-ақ, тараптар арасындағы даулы мәселелерді шешу жолдары анықталуы тиіс.

Үшіншіден, сот талқылауының ұзақтығы күмән тудырады. Іс жеңілдетілген тәртіпте қаралды, бірақ мердігер тапсырыс берушінің талаптарымен келіспеген.

Төртіншіден, сот-сараптамалық қызметтің жұмысына қатысты проблемалар бар. Оның негізгі себебі – білікті мамандардың жетіспеуі. Мысалы, 2023 жылдың бірінші жартысында Сот сараптамасы орталығының аумақтық бөлімшелері 62 материалды қайтарды, себебі қажетті арнайы ғылыми білімі бар сарапшылар болмаған.

Соңында, бұл істің сотқа дейінгі тергеулердің бірыңғай тізіліміне тіркелуінің заңдылығы туралы сұрақ туындайды [54].

Экономика саласындағы тоқтатылған қылмыстық істерді талдау олардың тергеуінің негізгі себептерін көрсетті. Көп жағдайда сотқа дейінгі тергеу келесі факторлардың негізінде басталады:

1. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің рапорттары.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары немесе жеке тұлғалардың хабарламалары мен актілері.

3. Шығын келтіру туралы есептеулер мен қорытындылар. Алайда, бұл есептеулер көбінесе расталмайды. Нәтижесінде қылмыстық қудалау тоқтатылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептеріне ерекше назар аудару қажет. Кейде құқық қорғау органдары бұл процесті қате түрде бастайды. Бұл жағдай уәкілетті органдардан түскен хабарламалардың қылмыстық құқықбұзушылық туралы баянат ретінде (ҚР ҚПК 184-бабына сәйкес) рәсімделуімен байланысты. Кейін бұл материалдар сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне (СДТБТ) тіркеледі. Мәселе осындай баянаттардың мерзімінен бұрын тіркелуінде. Сонымен қатар, деректердің бұрмалануы аналитикалық есептердің дәлдігін төмендетуі мүмкін. Нәтижесінде зерттеушілер мен құқық қолданушылар қате қорытындыға келуі ықтимал [54, 72-81 б.].

Авторлар сотқа дейінгі тергеп-тексеру тек жеткілікті деректер болған жағдайда ғана басталуы керек деп орынды тұжырымдайды. Әйтпесе, оны жүргізу қолайсыз болып табылады. Сонымен қатар, жеткілікті негізсіз тергеу жүргізу құқық қорғау органдарына деген сенімді әлсіретіп, олардың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. [54, 72-81 б.].

Біз көрсетілген авторлардың пікірлерімен толықтай келісеміз.

Сонымен қатар, қылмыстық процесте уәкілетті тұлғаның рапортынан немесе қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздан бөлек қосымша материалдар жинау қажеттілігі тек экономикалық құқық бұзушылықтарда ғана емес, басқа жағдайларда да туындайтынын атап өткіміз келеді.

Мысал ретінде келесідей жағдайларды қарастыруға болады. Кейбір оқиғаларда қоғамға қауіпті салдардың заңсыз әрекет нәтижесінде болғанын немесе табиғи құбылыс не бақытсыз жағдай салдарынан туындағанын анықтау қажет. Мәселен, ауыр зардаптары бар өрт найзағай соғуынан болуы мүмкін немесе ол қасақана өрт қою салдарынан орын алуы мүмкін. Адам ауыр жарақат алуы кездейсоқ құлау салдарынан болуы мүмкін, алайда ол біреудің әдейі итеруі немесе биіктіктен лақтыруы нәтижесінде құлауы да ықтимал. Жәбірленуші есін жинап, түсінік бергенге дейін нақты процессуалдық шешім қабылдау мүмкін емес.

Республика Қазақстанның қылмыстық-процестік заңнамасын жетілдіру мақсатында, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу тәртібін нақтылау үшін, ҚР ҚПК-нің 179-бабының бірінші бөлігіне өзгерістер енгізуді ұсынамыз. Атап айтқанда, оған төртінші бөлік қосылып, келесі редакцияда бекітілуі қажет:

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабарлама СДТБТ-ге тіркелген сәттен бастап басталады. Белгілі бір жағдайларда, анықтау органының бастығы немесе тергеу бөлімінің бастығының келісімімен, тіркеу туралы шешім шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізгеннен кейін қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, іске қатысты

қосымша мәліметтер мен құжаттар сұратылуы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеудің басталғаны туралы прокурор тәулік ішінде хабарландырылады».

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚР қылмыстық процесіндегі сотқа дейінгі тергеудің басталуына байланысты мәселелерді зерттеу нәтижесінде төмендегі аспектілер анықталды.

1. Қазақ КСР-нің қылмыстық іс жүргізу заңнамасы сотқа дейінгі тергеу нысандарының ұлттық тұжырымдамасын қалыптастырудың негізі болды. 1997 жылғы ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданғанға дейін Қазақ КСР-нің ҚІЖК-і қолданылды.

Посткеңестік кезеңдегі саяси және экономикалық реформалар қылмыстық процестің модернизациясымен қатар жүрді. Бұл процестің ерекшелігі – оның біртіндеп енгізілуі және күрт өзгерістердің болмауы.

1959 жылғы Қазақ КСР-нің ҚІЖК-не сәйкес, сотқа дейінгі тергеу үш нысанда жүргізілді: алдын ала тергеу, анықтау және материалдарды хаттамалық ресімдеу. Қазақ КСР ҚІЖК 120-бапта алдын ала тергеу міндетті істердің тізбесі белгіленді, 116-бапта алдын ала тергеу міндетті емес істердің санаты айқындалды, XXXV тарауда материалдарды хаттамалық дайындау тәртібі реттелді.

Қазақ КСР ҚІЖК 83-бапқа сәйкес, қылмыстық істі қозғауға және сотқа дейінгі тергеуді жүргізуге негіз болатын жағдайлар:

- азаматтардың арыздары;
- кәсіпорындар, ұйымдар және лауазымды тұлғалардың хабарламалары;
- өз еркім ен мойындау;
- анықтау, тергеу, прокуратура немесе соттың шешімі.

Кеңес кезеңінде сот қылмыстық қудалау органдарының қатарына кірді. Ол сот тергеуі барысында қылмыстық іс қозғау өкілеттігіне ие болды (ҚІЖК-нің 283–285-баптары).

КСРО ыдырағаннан кейін қылмыстық процесті реформалаудың алғашқы қадамы – 1994 жылғы 12 ақпанда бекітілген Құқықтық реформа жөніндегі мемлекеттік бағдарлама болды.

1997 жылғы ҚІЖК-де алдын ала тергеу міндетті және міндетті емес істерге бөлінді, бірақ хаттамалық нысан алынып тасталды. 2009 жылы ҚІЖК-ге «Сотқа дейінгі жеңілдетілген іс жүргізу» (23-1 тарау) енгізілді. Бұл жаңашылдық тергеуді жеделдету және оңайлату ұғымдарын енгізуге негіз болды. 1997 жылғы ҚІЖК 17 жыл қолданыста болды. 2010–2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында оның демократиялық стандарттарға сәйкестігі атап өтілді.

2015 жылы жана ҚР ҚПК күшіне енді. Ол бұрын Қазақстанда қолданылмаған институттарды енгізді: жасырын тергеу әрекеттері, процессуалдық келісімдер, куәгерлердің қорғалуы және т.б. 2014 жылғы ҚР ҚПК-нің 189-бабы сотқа дейінгі тергеудің үш нысанын белгіледі: анықтау, алдын ала тергеу және хаттамалық нысанда. 2017 жылы бұйрықтық іс жүргізу енгізілді (ҚР ҚПК-не 13-1 бөлім қосылды).

Осылайша қылмыстық процестің қазіргі тұжырымдамасы мыналарды қарастырады:

- жекелеген шешімдер қабылдау кезінде жәбірленушінің ерік білдіруін есепке алуды көздейтін диспозитивті принциптерді кеңейту;

- процестік үнемдеу режимін қамтамасыз ететін сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жаңа нысандарын қолдану, мемлекеттің қылмыстық саясатының репрессивтілігін төмендету және қылмыстық құқық бұзушылықты тез ашу және қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі міндетке қол жеткізу.

2. ЭЫДҰ елдеріндегі сотқа дейінгі тергеуді талдау

Біз Германия, Швейцария және Франциядағы сотқа дейінгі тергеуді талдадық. Бұл елдерді таңдау екі негізгі себепке байланысты. Біріншіден, олардың қылмыстық процесі континенттік модельге жатады, оған Қазақстанның қылмыстық процесі де кіреді. Екіншіден, осы елдердің заңнамасы Ресей империясының қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негізіне айналды. Кейіннен бұл нормалар Кеңес Одағында дамытылып, Қазақстанда енгізілді.

Германия

Германияның ҚПК-де "алдын ала тергеу" ұғымы жоқ. Сотқа дейінгі тергеу тек анықтау түрінде жүзеге асырылады.

Германия қылмыстық заңнамасының ерекшелігі — салық құқық бұзушылықтарын реттейтін нормалардың Салық кодексіне енгізілуі. Қылмыстық кодекс пен Салық кодексінің нормалары арасындағы қайшылық "арнайы заң жалпы заңды жоққа шығарады" (*lex specialis derogat lex generalis*) қағидаты бойынша шешіледі. Салық құқық бұзушылықтарын тергеумен тек құқық қорғау органдары ғана емес, сонымен қатар қаржы органдары да айналысады.

Германия ҚПК-не сәйкес, анықтау барлық қажетті дәлелдемелерді жинақтауы тиіс, содан кейін прокурор айып тағу туралы шешім қабылдайды (§ 160, 1-бөлім). Прокурор іс бойынша толық процессуалдық өкілеттіктерге ие және тергеуді басқарады. Анықтаушы прокурорға бағынышты және оның нұсқаулары бойынша жұмыс істейді.

Швейцария

Швейцариядағы қылмыстық процесс Қазақстандағыдай үш кезеңнен тұрады: сотқа дейінгі тергеу, сот өндірісі және істі қайта қарау.

2007 жылғы Швейцария ҚПК-не сәйкес, сотқа дейінгі тергеу анықтау мен алдын ала тергеуден тұрады. Швейцария ҚПК 299-баптың 1-бөлігіне сәйкес, анықтауды полиция, ал алдын ала тергеуді прокуратура жүргізеді.

Анықтау мен алдын ала тергеу Швейцарияда бірізді, бірақ дербес кезеңдер болып табылады. Полиция қылмыстық іздерді жинау және сақтаумен айналысады, сондай-ақ кейінге қалдыруға болмайтын шараларды қабылдайды. Егер күдіктілік күшейсе, іс жүргізу құзыреті прокуратураға беріледі.

Франция

Франциядағы қылмыстық-процестік құқығының негізгі қайнар көздері: 1789 жылғы Адам және азамат құқықтарының декларациясы, 1958 жылғы Конституция және 1959 жылғы ҚПК.

Алдын ала тергеудің нысаны қылмыстық құқық бұзушылықтың санатына байланысты. Құқық бұзушылықтар қылмыстарға, теріс қылықтарға және әкімшілік құқық бұзушылықтарға бөлінеді. Сотқа дейінгі тергеу анықтау және алдын ала тергеу нысанында жүргізіледі. Анықтау – қылмыстық процестің дербес кезеңі.

Анықтау органдарының негізгі міндеті – қылмысты жедел ашу, күдіктілерді іздеу және жедел тергеу әрекеттерін жүргізу. Прокурор жиналған дәлелдемелерге құқықтық баға береді және айып тағу мәселесін шешеді.

Бұл елдердегі сотқа дейінгі тергеу тәртібі бір-бірінен және Қазақстан ҚПК-нен ерекшеленеді. Қазақстанның үш буынды модельге көшуіне байланысты, біз зерттеген заңнамалық тәжірибелердің қайсысы ең қолайлы екенін анықтау қажет.

3. Алдын ала тергеу – мемлекеттік қызметтің маңызды түрлерінің бірі. Оның басты мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды қылмыстық қудалау және жәбірленушілердің құқықтарын қорғау. Сондай-ақ, ол қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық әрекеттерден қорғауға бағытталған.

Заңға сәйкес, алдын ала тергеу қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш немесе хабарлама С тіркелген сәттен басталады. Ол сондай-ақ алғашқы шұғыл тергеу әрекетін жүргізу арқылы да басталуы мүмкін. Мұндай тәсіл уәкілетті органдардың міндетті әрекет етуін қамтамасыз етеді. Бұл ақпаратты тексеру және ықтимал қылмыстың барлық мән-жайын анықтаумен көрініс табады.

Осылайша, бұрынғы қылмыстық іс қозғау кезеңі іс жүзінде жаңа кезеңмен – алдын ала тергеудің басталуымен ауыстырылды. Бұл кезең қылмыстық процестің барлық кезеңдеріне тән сипаттамаларға ие.

Зерттеу негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

— Алдын ала тергеудің басталуын қылмыстық процестің кезеңі ретінде қарастыру қажет. Бұл кезеңде уәкілетті құқық қорғау органдары қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды СДТБТ-ге тіркейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасының нормаларын қатаң сақтайды.

— Бұл кезеңнің мәні – жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ қылмысты ашу мен тергеу үшін қажетті іс жүргізу шараларын уақтылы қабылдау.

Алдын ала тергеудің басталуы қылмыстық процестің тиімділігі үшін ғана емес, жалпы құқық қорғау органдарының беделі үшін де маңызды рөл атқарады. Құқық қорғау органдарының жедел әрекет етуі, олардың шешімдерінің заңдылығы мен негізділігі қылмысқа қарсы күреске деген

қоғамдық көзқарасты қалыптастырады. Бұл азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне тікелей әсер етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 180-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеуді бастауға негіз болатын жағдайлар мыналар:

- Жеке тұлғаның арызы немесе мемлекеттік органның лауазымды тұлғасының не ұйым өкілінің қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалғаны немесе адамның хабар-ошарсыз жоғалғаны туралы хабары;
- Өзін-өзі кінәлі деп мойындап келу (өз еркімен мойындау);
- Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған хабарламалар;
- Қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты.

Көрсетілген негіздердің біреуі тіркелген сәттен бастап құқық қорғау органдарының уәкілетті тұлғалары мен арыз берушілер, қылмыс туралы хабарлағандар, өзін-өзі кінәлі деп мойындағандар және процестің басқа қатысушылары арасында қылмыстық-процестік қатынастар пайда болады.

Кейбір мамандар ҚР ҚПК-нің 180-бабының 1-бөлігі жеткілікті деректерді, яғни қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін ақпаратты, тергеуді бастауға негіз болатын жағдайлармен теңестіретінін атап өтеді. Бұл екі түрлі ұғымның араласуына және олардың алмастырылуына әкеледі. Осыған байланысты заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін ғалымдар «сотқа дейінгі тергеуді бастауға негіз» және «сотқа дейінгі тергеуді бастауға себеп» ұғымдарын ажыратуды ұсынады.

ҚР ҚПК-нің 180-бабының 1-бөлігінде көрсетілген әрбір негіз дербес қылмыстық-процестік институт болып табылады. Алайда, өзін-өзі кінәлі деп мойындау басқа негіздерден ерекшеленеді. Оның басты ерекшелігі – адамның өз қылмысын жеке мойындауы, бұл ерекше жағдай болып табылады. ҚР ҚК 53-бабының 1-бөлігінің 11-тармағына сәйкес, өзін-өзі кінәлі деп мойындау қылмыстық жауапкершілікті және жазаны жеңілдететін мән-жай ретінде қарастырылады. Мұндай мойындаудың ерікті түрде жасалғанын анықтау маңызды, әсіресе адам күдікті ретінде танылмаған немесе ұсталғанға дейінгі кезеңде.

Өзін-өзі кінәлі деп мойындау белгілі бір құқықтық салдарға әкелетіндіктен, тұлғаға өзіне және жақын туыстарына қарсы куәлік бермеу құқығы түсіндірілгені жөн. Сонымен қатар, ол адвокаттың көмегіне жүгіну құқығына ие болуы керек. Бұл құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және әрбір адамға қолданылады.

Бұдан бөлек, өзін-өзі кінәлі деп мойындауға ниеттенген адам түрлі себептерге байланысты психологиялық тұрақсыз күйде болуы мүмкін. Сондай-ақ, ол қазақ немесе орыс тілдерін жеткілікті деңгейде меңгермеген жағдайда, қосымша процестік шаралар қажет болады.

ҚР ҚПК-нің 183-бабының 1-бөлігіне сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарында және онлайн-платформаларда жарияланған хабарламалар сотқа

дейінгі тергеуді бастауға себеп болуы мүмкін. Бұл норма ақпараттың БАҚ-та, телекоммуникация желілерінде немесе онлайн-платформаларда жарияланған жағдайларына қатысты қолданылады.

Осындай хабарламалардың мазмұнын түсіндіру Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 маусымдағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңында, 2023 жылғы 10 шілдедегі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заңында және 2015 жылғы 24 қарашадағы «Ақпараттандыру туралы» заңында көрсетілген. Бұл нормативтік құқықтық актілер дереккөздерді халықаралық тәжірибеде Open data деп аталатын «ашық дереккөздер» ұғымымен біріктіреді.

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, ақпарат сотқа дейінгі тергеуді бастауға себеп ретінде танылуы үшін ол ҚР ҚПК талаптарына толық сәйкес келуі қажет.

5. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 23-тарауының 179-186-баптарымен тікелей реттеледі. ҚР ҚПК-нің 179-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштің немесе хабарламаның СДТБТ-ге тіркелуімен, сондай-ақ алғашқы шұғыл тергеу әрекетінің жүргізілуімен айқындалады.

Аталған баптарда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу кезеңіне қатысты негізгі ережелер бекітілген. Бұл кезеңнің неғұрлым егжей-тегжейлі рәсімдері Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларымен реттеледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу кезеңінде әрбір азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар екендігі конституциялық қағида ретінде іске асырылуы тиіс. Бұл қағида ҚР ҚПК-нің 12-бабында қылмыстық процестің негізгі принциптерінің бірі ретінде бекітілген.

Конституциялық қағидалар мен қылмыстық процестің негізгі принциптерін жүзеге асырудың алғашқы қадамы – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болатын мәліметтерді дұрыс қабылдау және тіркеу. Бұл міндетті түрде алдын ала тергеп-тексеру жүргізумен және қылмыстық істі сотқа жіберумен жалғасуы тиіс.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын ұйымдастыру және оның рәсімдік мазмұнын екі кезеңге бөлу қажет деп санаймыз. Бірінші кезең – қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдауға тікелей байланысты рәсімдерден тұрады. Екінші кезең – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болатын мәліметтерді тіркеуге қатысты рәсімдерді қамтиды.

Қағидаларға сәйкес, қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты тәулік бойы

қабылдайды. Қабылданған ақпарат ақпаратты есепке алу кітабында (бұдан әрі – АЕК) тіркелуге жатады. Бұл ретте «кез келген» деген тұжырым анонимді өтініштерді де қамтиды, себебі олар да АЕК-де тіркелуі тиіс.

Өтініш беру нысанына шектеу қойылмайды.

Өтініштер мен хабарламаларға қойылатын талаптарды нормативтік тұрғыдан реттеу олардың толық әрі шынайы мәліметтерді қамтуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл өтініш беруші туралы мәліметтерді нақтылап, қоғамға қауіпті оқиғаны дұрыс сипаттауға, сондай-ақ жалған ақпарат берудің алдын алуға мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдаудың соңғы кезеңі – өтініш берушіге Қағидалармен белгіленген нысанда талон-хабарлама беру.

Қағидалардың 13-тармағында қабылдау және тіркеу рәсімдеріне қатысты күрделі мәтін келтірілген. Сонымен қатар, біздің ойымызша, «дереу» деген сөз енгізу артық болып табылады, өйткені оның нақты уақыт аралығы көрсетілмеген. Бұдан бөлек, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға негіз болатын ақпаратты қарау мерзімі 24 сағат болғандықтан, «дереу» тіркеу талабы маңыздылығын жоғалтады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініштер мен хабарламаларды СДТБТ-ге тіркеу немесе оларды құзыретті органға жіберу рәсімдерінде уақыт бойынша сәйкессіздіктер байқалады. Бұл рәсімдердің мәні бірдей болғанымен, белгіленген мерзімдерде айтарлықтай айырмашылық бар.

Статистикалық деректерге сәйкес, жыл сайын тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жартысына жуығы қысқарады, оның ішінде ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылатын істер де көп.

Қылмыстық істің тоқтатылуын теріс фактор ретінде бағалау қажет, себебі бұл қылмыстық процестің барлық міндеттерін орындауға мүмкіндік бермейді. Ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы одан да күрделі мәселе, өйткені ҚР ҚПК-нің 4-тарауына сәйкес, бұл шешім реабилитациялау рәсімдерін қажет етеді. Оларға қылмыстық жауапкершілікке тартылған азаматтарға материалдық және моральдық шығынды өтеу, сондай-ақ бұзылған құқықтары мен бостандықтарын толық қалпына келтіру кіреді.

Осылайша, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу кезеңін оңтайландыруға және өтініштер мен хабарламаларды қабылдау мен тіркеу рәсімдерін жетілдіруге бағытталған реформалар күтпеген жанама нәтиже берді. Оның салдары – ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық істер санының күрт артуы.

Біз мұндай теріс салдардың негізгі себебін қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің бар-жоғын анықтау үшін тым қысқа мерзімнің (24 сағат) белгіленуімен байланыстырамыз.

6. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын жетілдіру, оның ішінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуын реттеу мәселесі бірқатар проблемаларды шешуді талап етеді. Солардың бірі – «сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептері» мен «оның негіздері»

ұғымдарының ара-жігін ажыратудың болмауы. Нәтижесінде заң шығарушы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептерін оның нысанымен теңестіріп отыр.

Біз кейбір қазақстандық ғалымдардың осы ұғымдарды нормативтік тұрғыдан нақты ажырату қылмыстық процестің тиімділігін арттырады деген пікірін қолдаймыз.

Тағы бір маңызды мәселе – қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтау үшін қосымша мәліметтер алу қажеттілігі. Кейбір жағдайларда құқық бұзушылық туралы өтініш немесе хабарламаның өзі объективті шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1997 жылғы ҚІЖК-нің 184-бабының бұрынғы редакциясы назар аударуға тұрарлық. Онда қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш немесе хабарлама бойынша шешім үш тәуліктен кешіктірілмей қабылдануы тиіс деп белгіленген. Қажет болған жағдайда бұл мерзімді анықтау органы немесе тергеу бөлімінің бастығы он тәулікке дейін, ал ерекше жағдайларда екі айға дейін ұзарта алатын. Мұндай жағдайда үш тәулік ішінде прокурорға хабар берілуі тиіс еді.

Қолданыстағы ҚР ҚПК уәкілетті тұлғалардан сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себептерімен танысу негізінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін анықтауды талап етеді. Кейбір жағдайларда шұғыл тергеу әрекеттерінің нәтижелері де ескеріледі. Алайда бұл өтінішті немесе хабарламаны СДТБТ-ге тіркеу үшін жеткілікті негіз болып табылмайды.

Шұғыл тергеу әрекеттері жедел нәтиже беретінін көрсеткенімен, олар әрдайым толық мәлімет алуға мүмкіндік бермейді. Экономикалық саладағы тоқтатылған қылмыстық істерді талдау нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру көбінесе келесі негіздер бойынша басталатыны анықталды:

- құқық қорғау органдары қызметкерлерінің рапорттары;
- мемлекеттік органдар немесе жеке тұлғалардың хабарламалары мен актілері;
- келтірілген залал туралы есептеулер мен қорытындылар, олардың кейіннен расталмауы салдарынан қылмыстық қудалау тоқтатылуы мүмкін.

Кейбір қазақстандық зерттеушілер сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау негіздерін қайта қарау қажеттігін атап көрсетеді. Құқық қорғау органдарының осы саладағы қателіктері көбінесе түскен хабарламаларды ҚР ҚПК-нің 184-бабы тәртібінде қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау туралы рапорт ретінде рәсімдеуімен және олардың кейіннен СДТБТ-ге тіркелуімен байланысты.

Негізгі мәселе – мұндай баянаттардың мерзімінен бұрын тіркелуі. Бұл мәліметтердің бұрмалануына әкеліп соғады, нәтижесінде аналитикалық есептердің дәлдігіне нұқсан келеді. Мұндай есептерді зерттеушілер мен құқық қолданушылар дұрыс түсінбеуі мүмкін.

Осылайша, жеткілікті деректер болмаған жағдайда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың жол берілмейтіні туралы қорытынды әділ деп танылуы тиіс. Бұл құқық қорғау органдарының қызметін дискредитациялаумен қатар, қылмыстық процестің тиімділігін төмендетеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде біз келесі қорытындыларды тұжырымдадық:

1. ҚР ҚПК-нің 182-бабына келесі толықтыруларды енгізу:

«4. Басқа қылмыстар бойынша күдікті деп танылған адам өзіне тағылмаған қылмыс бойынша да кінәсін мойындай алады.

5. Кінәсін мойындау алдында адамға өзін және жақын туыстарын айыптамау құқығы, сондай-ақ қорғаушы шақыру құқығы түсіндірілуі тиіс.

6. Егер адам қазақ немесе орыс тілдерін білмесе, не мас күйде, есірткілік, уытқұмарлық әсерінде немесе ауру салдарынан өз құқықтарын түсіне алмаса, онда оның құқықтары аудармашының немесе қорғаушының қатысуымен түсіндіріледі. Бұл тергеу хаттамасында белгіленеді.»

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына енгізілетін өзгерістерді нақтылауды және олардың құқық қолдану практикасына ықпалын арттыруды мақсат ете отырып, келесі түзетуді енгізуді ұсынамыз.

— Қағидалардың 13-тармағындағы «9-11-тармақтарында көрсетілген себептерді қоспағанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты» деген тіркесті «қылмыстық қудалау органы лауазымды тұлғасының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты» деген сөздермен ауыстыру;

— Қағидалардың 8-тармағының бірінші абзацында «дереву» деген сөзді «24 сағат ішінде» деген сөздермен ауыстыру, ал екінші абзацында «24 сағат ішінде» деген сөздерді «үш тәулік ішінде» деген сөздермен ауыстыру;

— Қағидалардың 13-тармағында «дереву» деген сөзді алып тастап, «бірақ 24 сағаттан кешіктірмей» деген сөздерді «үш тәулік ішінде» деген сөздермен ауыстыру қажет.

3. ҚР ҚПК-тің 179-бабының бірінші бөлігіне төртінші бөлімін қосып, өзгерістер енгізу, жаңа редакциясы:

«Сотқа дейінгі тергеу қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш немесе хабарламаны Бірыңғай сотқа дейінгі тергеулер тізіліміне тіркеуден басталады. Кейбір жағдайларда тіркеу туралы шешім шұғыл тергеу әрекеттерінен кейін, қосымша мәліметтер мен қажетті құжаттарды алған соң қабылданады. Бұл үшін анықтау органының немесе тергеу бөлімінің бастығының келісімі қажет. Тергеудің басталғаны туралы прокурорға бір тәулік ішінде хабарланады».

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> – (жүгінген күні: 21.03.2025).
- 2 «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000413> – (жүгінген күні: 05.03.2025).
- 3 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> – (жүгінген күні: 05.03.2025).
- 4 Нургалиев Б.М., Арыстанбеков М.А., Кусаинова А.К. Укрытие преступлений в полиции Казахстана опыт и стратегии. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/ukrytie-prestupleniy-v-politsii-kazahstana-opyt-i-strategii/viewer> (дата обращения: 20.03.2025).
- 5 Уголовно-Процессуальный Кодекс Казахской ССР от 22 июля 1959 года (с изменениями) (утратил силу) [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1004281 - (дата обращения: 13.03.2025).
- 6 Постановление Президента Республики Казахстан от 12 февраля 1994 года № 1569 «О Государственной программе правовой реформы в Республике Казахстан» (Утратило силу в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 9 января 2006 года № 1696) [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1002787 – (дата обращения: 13.03.2025).
- 7 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 206 Қылмыстық іс жүргізу кодексі (Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Кодексімен) [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000206_ – (жүгінген күні: 21.03.2025).
- 8 Юрченко Р.Н. Об упрощенном досудебном производстве по уголовным делам в Республике Казахстан // [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30564146 – (дата обращения: 13.03.2025).
- 9 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_ – (жүгінген күні: 21.03.2025).

- 10 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> – (жүгінген күні: 05.01.2025).
- 11 Власова Н.А. Проблемы совершенствования форм досудебного производства в уголовном процессе [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://law.edu.ru/book> - (дата обращения 05.09.2024).
- 12 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061 – (жүгінген күні: 11.04.2025).
- 13 Ахпанов А.Н., Азаров В.А., Балгынтаев А.О. Процессуальные соглашения в уголовном судопроизводстве: законотворческий опыт Республики Казахстан // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. -2015. -Т. 9.- № 2. - С. 343-350
- 14 Толковый словарь русского языка [Текст]: 72500 слов и 7500 фразеологических выражений / С. И. Ожегов, Н. Ю. Шведова; Российская АН, Ин-т рус. яз., Российский фонд культуры. - 2-е изд., испр. и доп. - Москва: Азъ, 1994. - 907с.
- 15 Уголовно-процессуальный кодекс Республики Узбекистан от 22 сентября 1994 года, №2013-ХІІ. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://lex.uz/docs/111463> - (дата обращения: 11.04.1025).
- 16 Васильев А.Н. Введение в курс советской криминалистики. М.: Изд-во МГУ, 1962. - 28 с.
- 17 Хамизов В.Л. Соотношение понятий «раскрытие преступлений», «раскрытие преступлений по горячим следам» и «расследование преступлений» // Вестник Московского университета МВД России. - 2019. - № 7. - С. 246-250
- 18 Седелкина В.В. Уголовно-процессуальные особенности борьбы с налоговыми преступлениями в Германии//Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. - 2019. - № 2 (75). - С. 98-103.
- 19 Головки Л.В. Дознание и предварительное следствие в уголовном процессе Франции. – М. – 1995 – 130 с.
- 20 Головки Л.В. Материалы к построению сравнительного уголовно-процессуального права: источники, доказательства, предварительное производство // Труды юридического факультета МГУ. Кн.11. М., - 2009. - С. 285.
- 21 Трефилов А.А. Организация досудебного производства по УПК Швейцарии: монография. М., 2015. Юрлитинформ. Барабанов П.К. Уголовный процесс ФРГ. М., Издательство «Спутник +». 2014. – 359 с.
- 22 Pieth M. Schweizerisches Strafprozessrecht. Basel, 2009. S. 60
- 23 Seelmann K. Strafrecht. Allgemeiner Teil. Basel, 2007. S. 19ff.
- 24 Landshut N. Art. 306-307 // Donatsch A., Hansjakob T., Lieber V. Kommentar zur Schweizerischen Strafprozessordnung (StPO). Zürich, 2010. S. 1511

- 25 Фадеев И.А. Полицейское дознание во Франции//Вестник Академии права и управления. - 2022. - № 2 (67). - С. 73-80.
- 26 Уголовно-процессуальное право. (Уголовный процесс) Учебник. Коллектив авторов под редакцией У.Тухташевой. – Ташкент: ТГЮУ, 2022. – 422 с.
- 27 Кемали М.С. Новый УПК Казахстана существенно повысит эффективность предварительного расследования и защиты прав человека / М.С. Кемали // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. - 2014. – № 1 (61). – С. 73–77.
- 28 Бажанов С.В. Оправдана ли так называемая доследственная проверка? / С.В. Бажанов // Законность. — 1995. — № 1. — С. 51–54.
- 29 Вицин С.Е. Институт возбуждения дела в уголовном судопроизводстве / С.Е. Вицин // Российская юстиция. — 2003. — № 6. — С. 54–56.
- 30 Меркель И.Д. О новых механизмах защиты граждан при уголовном преследовании [Электронный ресурс] / И.Д. Меркель; беседовала Т. Нурсеитова. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.zakon.kz/stati/4698005-iogan-merkel-rasskazyvaet-o-novykh.html>
Дата обращения: 13.03.2025.
- 31 Толеубекова Б.Х. Система уголовного процесса по законодательству Республики Казахстан//Евразийский союз ученых. - 2015. - № 12-4 (21). - С. 125-128
- 32 Гуценко К.Ф. Сущность и основные понятия уголовного процесса // Уголовный процесс: Учебник. Под ред. К.Ф.Гуценко. Издание 4-е, перераб. и доп. – М.: Издательство «Зерцало», 2000. – 707 с.
- 33 Смирнов А.В., Калиновский К.Б. Уголовный процесс: Учебник для вузов / Под общей ред. А.В.Смирнова. – СПб.: Питер, 2004. – 697 с.
- 34 Қасымхан М.Е. Процессуальная характеристика поводов к началу досудебного расследования// Трибуна молодого ученого/ Научные труды «Әділет». – № 4. – 2021 – С.97-104
- 35 Толеубекова Б.Х. Стадии уголовного процесса в контексте нового УПК Республики Казахстан// Научный Альманах ассоциации France-Kazakhstan. – 2015. – № 4. – С. 29-35.
- 36 Банчук А. Начало досудебного расследования и негласные следственные действия в новом УПК Республики Казахстан: международные стандарты и практика их применения// [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31641805&pos=11;9#pos=11;-99
(дата обращения: 13.03.2025).
- 37 Гаврилов Б. Я. Способна ли российская статистика о преступности стать реальной? // Государство и право. – 2001. – № 1. – С. 47-62.
- 38 «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000004S_/info (жүгінген күні:13.03.2025).

- 39 Жогин Н.В., Фаткуллин Ф.Н. Возбуждение уголовного дела. М., – 1961. – С. 206.
- 40 Володина Л.М. Юридическая природа поводов для возбуждения уголовного дела: историко-правовой анализ // Труды Института государства и права РАН / Proceedings of the Institute of State and Law of the RAS. 2024. Т. 19. № 1. С. 164–186. – (дата обращения: 13.03.2025).
- 41 «Қылмыстық құқық бұзушылықтардан жәбірленген адамдардың құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін заңнаманы қолдану практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 24 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008570 – (жүгінген күні: 13.03.2025).
- 42 Хан А. Л., Биндюкова Т. С. О некоторых теоретических проблемах начала досудебного расследования// Актуальные проблемы борьбы с преступлениями и иными правонарушениями// Мат-лы четырнадцатой международ. науч.-практ. конф./ Под редакцией А.Андреева.-Барнаул, – 2016. – ч.1– С.200-202.
- 43 Ширинских Д.А. О начале досудебного производства//Конституционно - правовые основы защиты прав личности: Мат-лы четырнадцатой международ. науч.-практ. конф., посвященной 20 - летию Конституции Республики Казахстан- Астана, – 2015. – С.345
- 44 Исакова Б.Е. Некоторые вопросы применения новелл Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан 2014 года (проблемы начала досудебного производства) // Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел Республики Казахстан им. Баримбека Бейсенова. – 2016. – № 1. – С. 57-60
- 45 Толковый словарь русского языка / Под ред. Д.Н. Ушакова. — М.: Гос. ин-т "Сов. энцикл."; ОГИЗ; Гос. изд-во иностр. и нац. слов., 1935-1940. (4 т.) [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://enc.biblioclub.ru/Encyclopedia/117> - (дата обращения: 13.03.2025).
- 46 «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 Бұйрығы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31619562 (жүгінген күні: 21.04.2025).
- 47 «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 19 маусымдағы № 93-VIII ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38665430 (жүгінген күні: 21.04.2025).
- 48 «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 10 шілдедегі № 18-VIII ҚРЗ. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі:

- https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36356625 (жүгінген күні: 21.04.2025).
- 49 Нубаева Г.Г., Куаналиева Г.А. Некоторые особенности досудебного расследования уголовного дела по Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан// Вестник КазНУ. Серия юридическая. – №4 (80). – 2016 – С.259-262
- 50 Мокляк К.С. Анализ нормативной регламентации стадии возбуждения уголовных дел по законодательству Российской Федерации и законодательству Республики Казахстан// [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://conf.siblu.ru/analiz-normativnoy-reglamentacii-stadii-vozbuzhdeniya-ugolovnyh-del-po-zakonodatelstvu-rossiyskoy> - (дата обращения: 13.03.2025).
- 51 «Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі № 7 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы. [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013901 – (жүгінген күні: 21.04.2025).
- 52 Выступление Президента Касым-Жомарта Токаева на заседании Государственной комиссии по чрезвычайному положению Правительства. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-kasym-zhomarta-tokaeva-na-zasedanii-gosudarstvennoi-komissii-po-chrezvychainomu-polozheniyu – (дата обращения: 13.03.2025).
- 53 Филатов В. Н. Начало досудебного расследования по экономическим правонарушениям в Республике Казахстан: проблемные вопросы// Журнал «Право и государство» Maqsut Narikbayev University (г. Астана, Республика Казахстан) С.88-89
- 54 Сейтенов К.К., Абдолла С.Ж. Некоторые аспекты участия экспертов и специалистов в производстве по уголовным делам в Республике Казахстан // Теория и практика судебной экспертизы. 2023. – Т. 18. – № 4. – С. 72–81.

ҚОСЫМША 1